



ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 9, 10 (қыркүйек-қазан, 242-243) 2022 жыл



үкіметтерге тапсырма берілгенін атап өтті.

– Әзірбайжан өз аймағында ғана емес, кең географиялық ауқымда да маңызды рөл атқарады. Қазір күн тәртібінде «Орта дәлізді» дамыту мәселесі тұр. Біз де осы форматтағы жұмыстарды жалғастыруға мүдделіміз, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар президенттер екі елдің мәдени-гуманитарлық саладағы өзара табысты іс-әрекетін, оның ішінде Қазақстан мен Әзірбайжанның тарихи және мәдени құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған бірқатар бірлескен жобаның жүзеге асырылуын жоғары бағалады.

– Біз Әзірбайжанның көрнекті



25 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІ

13 жылдан соң, 25-қазан Республика күні ретінде қайта бекітіліп, Президент тиісті заңға қол қойды. Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілейді. Бұл күн – сан мәрте БАҚ жазып, халық айтып жүріп жеткен асыл мереке. Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін.

Оқырмандарымызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілейміз.



29 ҚАЗАН – ТҮРКИЯНЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын Анадолыда ұлт көшбасшысы Кемал Ататүрік бастаған шетел интервенттерінің жаулауынан азат етуге бағытталған ұлт-азаттық күрес жеңіспен аяқталды. Осылайша, 1923 жылы 29-қазан күні Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Түркия Республикасын жариялады. Дәстүр бойынша мерекелік шаралар елдің бас қаласы Анкарадағы Ататүрік кесенесінде басталады. Бұл жердегі шараның алғашқы легі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен өтіп, Ұлт азаттық күрестің барлық қаһармандарын құрметпен еске алады.

Осы орайда, түбіміз бір, бауырлас түркі бауырларымызды бүгінгі Республикасы күнімен құттықтаймыз! Қазақта бір асыл сөз бар «Бағалай білгенге бақ қонады, қадірлей білгенге құт қонады». Мінеки бұл асыл сөз біздің бүгінгі татулығымызды көрсетеді. Түркі халықтарының бейбітшілігі мен тәуелсіздігі және қарым-қатынастары мәңгі болсын!



ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

18 қазан – Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік мейрамы – Тәуелсіздік күні (1991). Заң жобасы бойынша жыл сайын 28 мамырды Әзірбайжанда Тәуелсіздік күні ретінде, ал 18 қазанды Тәуелсіздіктің қалпына келу күні ретінде атап өту ұсынылған.

Осы уақытқа дейін Республика күні 28 мамырда тойланып келді. Жаңа заң бойынша енді бұл дата Тәуелсіздік күні ретінде тойланады. Ал 18 қазан – Тәуелсіздікті қалпына келтіру күні ретінде атап өтіледі және жұмыс күні саналады. Тығыз қарым-қатнас орнатқан бауырлас мемлекетімізді атаулы мерекемен құттықтай отырып, өсіп-өнуін шын жүректен тілейміз.

Редакция

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЗІРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІНІҢ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммиті аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді. Бұл туралы Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент өзінің жуырда Бакуге жасаған сапары қазақ-әзірбайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтергенін атап өтті.

– Елімізге келіп, саммитке қатысқаныңыз үшін алғыс айтамын. Екіжақты қарым-қатынасқа арнайы тоқталғым келеді. Бакуге сапарым кезінде көрсеткен қонақжайлылығыңызға ризашылығымды білдіремін. Біздің келіссөздеріміз табысты болды және шет мемлекеттердегі саяси және экономикалық топтардың назарын аударды. Біз Әзірбайжанды одақтасуымыз, стратегиялық серіктесіміз деп есептейміз. Әрқашан осы бағытты ұстанамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан мен Әзірбайжан президенттері қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдау жөнінде

мемлекет қайраткері Гейдар Әлиев атындағы көшені ауыстыру туралы айттық. Елордамызда оған лайықты орын бар деп санаймын. Мұндай орын табылды. Мен оны мақұлдадым. Ендігі мәселе уақыттың еншісінде, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев АӨШК саммитіне шақырғаны және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлылығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысын айтты.

– Бауырлас Қазақстанға келгеніме өте қуаныштымын. Сондай-ақ өткізілген саммиттің оң нәтижелерімен құттықтағым келеді. Бұл Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлі мен беделі жоғары екенін көрсетеді. Ең алдымен, Гейдар Әлиевті еске алып, құрмет көрсеткеніңіз үшін алғыс айтқым келеді. Сіздің сапарыңыздан бері біз жақсы жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткіздік, – деді Әзірбайжан Президенті.

Сонымен қатар кездесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттары мен халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana, TURKISH AIRLINES, Lufthansa, BRITISH AIRWAYS, KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Ұялы тел.: +7 701 203 1660
astana@temtour.net

Radixact
BY TOMOTHERAPY

ORHUN MEDICAL

Точность воздействия, Искусственный интеллект, Эффективное лечение, Безболезненное лечение

Джем Парлак
Заведующий отделением Томотерапии

Абая, 91 3-й корпус 0500000, г. Алматы | Пн-Пт: 09:00 - 18:00 | +7 777 039 10 76



Астанада Еуразия ғылыми-зерттеу институты АБАЙ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІН ТАНЫСТЫРДЫ

14-қазанда Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының бірлесіп ұйымдастыруымен Астана қаласында «The Wisdom of the Great Steppe – Abai Kunanbaiuly» және «Абай Құнанбайұлы: сипаттамалық библиографиялық көрсеткіш» атты қос бірдей ғылыми еңбектің таныстырылымын өткізді.

Жиынға Түркияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Уфук Екиджи, Халықаралық Түркі академиясы президентінің міндетін атқарушы Фузули Мәжидли, Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы Мұхиттин Шимшек, ХҚТУ жанындағы Еуразия зерттеу институты директоры Суат Бейлур, белгілі әдебиеттанушылар мен ғалымдар, шетелдік дипломатия өкілдері, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған Академия басшысының міндетін атқарушы Ф.Мәжидли Абай мұрасының түркі әлеміндегі рухани қазынасында алатын орнына тоқталып, әріптестерін Еуразия ғылыми-зерттеу институты жарыққа шығарған жаңа еңбектің маңыздылығын атап өтті.

«Данышпан Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы адамзатты рухани дамуға, жетілуге, жүрек тазалығын сақтауға баспалдақ болатын аса мағыналы рухани ілім. Осы орайда бүгінгі тұсаукесері өтіп отырған «The Wisdom of the Great Steppe – Abai Kunanbaiuly» және «Абай Құнанбайұлы: сипаттамалық библиографиялық көрсеткіш» атты қос бірдей ғылыми еңбектің маңызы зор», – деді Ф.Мәжидли.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының делегациясы ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНА АРНАЙЫ КЕЛДІ

Халықаралық Түркі академиясының президенті міндетін атқарушы Фузули Мәжидли Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті жанындағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлур бастаған делегациямен кездесті.


Кездесуге сонымен қатар Түркі академиясының тұрақты хатшысы Асхат Кесікбаев, Еуразия зерттеу институты директорының орынбасары Жемгисхан Жаналтай, Еуразия зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері Өмірбек Қанай, Алмас Жүнісбай, Түркі академиясының ғылым және сараптама бөлімдерінің қызметкерлері Тимур Козырев, Нурдин Усеев, Дінмұхаммед Өметбек қатысты.

Екіжақты кездесу барысында Еуразия ғылыми-зерттеу институты мен Түркі академиясы арасында тұрақты әріптестік байланыс орнату мәселелері талқыланды. Академия басшысының міндетін атқарушы Ф.Мәжидли ұйымның мақсаты мен қызметі туралы кеңінен мәлімет беріп, белгілі ғылыми-зерттеу орталықтарымен бірлесіп ұйымдастырылған іс-шаралар жөнінде айтты.

Өз кезегінде делегация жетекшісі Суат Бейлур Еуразия ғылыми-зерттеу институтының қолға алған бастамаларына тоқталды. Ол Түркі академиясы жүзеге асырған жобаларға жоғары баға беріп, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының Академиямен ынтымақтастық орнатуға ынталы екенін жеткізді.

Кездесу соңында Ф.Мәжидли Суат Бейлурге Академия шығарған бағалы ба-сылымдарды сыйға тартты.

«Kunanbaiuly» және «Абай Құнанбайұлы: сипаттамалық библиографиялық көрсеткіш» атты қос бірдей ғылыми еңбектің маңызы зор», – деді Ф.Мәжидли.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы, талқыланды. Бұл Жолдау 1-қыркүйек білім күніне орай ел жүрегіне жол тартты. Еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске қадам басқалы тұрған осы бір ерекше кезеңде жасалған бұл Жолдаудың Қазақстан халқы үшін орыны бөлек, берері мол Жолдау болды. Өйткені мемлекет басшысы Жолдау барысында жұрт көңілінде жүрген түйткілді мәселелерді ортаға қойып, оны қалай шешу жолдарын айқындап, алдағы жылдары атқарар міндеттерімізді белгілеп берді.

Президент Жолдауын біздер, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұстаздары бастан-аяқ зор ықыласпен тыңдап, әрбір тармағына дейін талқыға салып, рухын бойымызға сіңіре білдік.

Жолдау – белгілі мерзімде ел дамуына арналған басты құжаттардың бірі екендігі белгілі. Бүгінгі Жолдау стратегиялық тұрғыдан да, нақтылығымен де сипатталып отыр. Президент Жолдауының негізгі бөлігі әлеуметтік-экономикалық мәселелерге бағытталды. Соның ішінде Жолдаудың білім беру мен ғылым саласына арналған бөлігі аса маңызды. Әсіресе Жолдауда айтылған, кейбір оқу орындарындағы «Білім саласын бизнеске айналдырып алған» жайттарын сынға ала отырып, еліміздегі маңызы зор Ұлттық университеттің ұстаздары ретінде бұндай жайтқа әсте жол бермей, ел болашағы жастарға жүйелі білім беру жолында қажыр-қайратымызды аямау керектігі алға тартылды. Жемқорлық пен парақорлық кез келген мемлекет үшін өте қауіпті. Бұндай дерт жайлаған қоғамда даму, өркендеу болмайды. Осы қатерлі дерттің білім беру, ғылым саласында орын алуы, мемлекеттің да-

муына тигізер кері әсері өте ауыр болатындығы белгілі. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бірнеше жылдан бері «Таза сессия», «Жеморлықтан арылған университет» акцияларын іске асыруда. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен 2020 жылдың 19-тамызында «Коррупцияға қарсы күрес мәселесі атты» Кеңесте атап өткен «Жүйелік негізде коррупцияның алдын алу» міндетін орындауға мүмкіндік беретін бірқатар шаралар қабылданды. Атап айтсақ, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде антикоррупциялық мәдениет пен антикоррупциялық сана қалыптастыруды көздейтін «ғылыми-ағарту» кластері құрылған. Аталған кластер аясында «Саналы ұрпақ» жобалық офисі, «Антикоррупциялық технологиялар» ғылыми-зерттеу институты және «Азаматтық бақылау» атты қоғамдық қабылдау офисі жұмыс атқаруда. Бұдан өзге, университетіміздің 16 факультетінде «Этикалық комиссия» және «Университеттің антикоррупциялық студенттер клубы жұмыс істейді.

Антикоррупцияның жүйелі түрде алдын алу шараларының бірі – оқытушылардың қоғамдағы мәртебесі мен тұрмыстық жағдайын көтеру екендігі белгілі. Бұл үшін Президентіміз де бар жағдайды жасайтын да мәлімдеді. Мәселен, «2023 жылдың 1-қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысын 25 пайызға арттыру туралы шешім қабылданды. Президент одан кейінгі уақытта да жалақы кезең-кезеңмен өсетін болады», – деді.

Жолдауда Жоғары оқу орындарының да атқарар міндетінің ауыр екені атап көрсетілді. «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті маман-

дарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек», – деді Президент.

Қашанда жастарды қолдауды алдыңғы орынға қоятын мемлекет басшысы бұл Жолдауда да: «Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек. Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр. Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек. Біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз» деп атап айтты. Сонымен қатар ғылым саласындағы ахуалға да ерекше назар аударуды талап етті. «Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз. Отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді? дей келіп, Президент көкейімізде жүрген аса ауқымды мәселелерге назар аударғанын университет жұмысы ықыласпен қабылдады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Мемлекет басшысының былғы тарихи маңызға ие Жолдауын талқылай келе ұстаздар қауымы Жолдау рухын негізге ала отырып, әлеуетті, дамыған Қазақстан құру жолында ұрпақ санасына ақаусыз білім нәрін себеуіміз керек екенін тағы да бір санамызға ұялатқандай болды. Жолдаудың негізгі мазмұнынан шығатын қорытынды мынау: әр сала қызметкерлері өз ісінің шебері болса, еліміздің болашағы бұдан да кемел, ұлт мәртебесі бұдан да биік болмақ.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары М.Ш.Тойғанбекова,
Ө.Д.Сандықбаева, А.М.Какенова

Открытие памятника и парка в Турции, в городе Адана в честь Национального Героя Азербайджана – ИБАДА ГУСЕЙНОВА!



Недавно в Турции, в городе Адана произошёл исторический момент: открытие памятника и парка Национальному Герою Азербайджана, Герою Тюркского мира и живой легенде Карабаха – Ибаду Гусейнову.

На эти мероприятия я была приглашена в качестве гостя.

Азербайджанский разведчик, спецназовец, военный деятель. Это, тот молодой боец, патриот своей родины, первый откликнувшийся на боль своего народа, который изменил весь ход Первой Карабахской войны, уничтожив международного террориста Монте Мелконяна, который прославился своими жестокими расправами во всем мире, который осуществил геноцид в Ходжалы.

Ибад Гусейнов – кавалер ордена «Азербайджанского Знамени», командир диверсионно-разведывательного отряда в годы Первой Карабахской войны. Патриотизм, бесстрашие, отвага, честь, любовь к

родине – всё это было у него в крови и в душе... Ибад Гусейнов – в этой освободительной войне, был большим примером, и его героизм и отвага вдохновляли остальных бойцов только на победу, только на освобождение земель. Человек-живая легенда, чудом выживший и ставший символом героизма, отваги!

Принимали участие гости и представители из Баку, Анкары, Стамбула и других городов. Из Казахстана я была единственным представителем. Мероприятие получило «три в одном» – день Независимости Азербайджана, день открытия памятника и парка отдыха в Адане и день рождения легендарного героя Ибада Гусейнова.

Идея и организация проведения данного проекта принадлежат: мэрии Чукурова, господину Сонер Четин, и Mehmet Saglam г.Анкара экс-вице-спикеру Парламента Турецкой республики, одному из основоположников центра стратегических исследований Турции. Центр представил Ибада Гусейнова турецкой общественности и лично Президенту Турции Реджепу Тайип Эрдогану.

Дань уважения и гордости выразили и жители г.Адана. На мероприятии присутствовали известные общественные деятели, лидеры общественных организаций, тележурналисты: Mehmet Saglam г.Анкара – видный общественно-политический деятель, бывший министр культуры Турции, Salih CELIK- Osmanlı Turan Tekilat Genel Bakani (Салих ЧЕЛИК – Президент Османской организации Туран), Зеупер ККЕР

TRT Spiker (Зейнеп КЕШКЕР – Диктор ТРТ г.Анкара), известный тележурналист Фуад Аббасов, боевые соратники, разведчики диверсионно-разведывательного отряда в Первой Карабахской войне, которые по сегодняшний день всегда рядом со своим командиром и героем, также Сахиб Ширинов- боевой друг-разведчик, (автор книги «Спецназовец»), Акиф Гасымов-полковник в отставке из Стамбула, Вугар Манафов Аждар оглы – бывший зам.командира взвода. Все эти боевые соратники Ибада Гусейнова участвовали во всех разведывательных операциях, а также по уничтожению международного террориста.

Немного об Ибаде Гусейнове. Это совершенно скромный человек. Для него важны народ, родина. Он никогда не стремился к смерти и не боялся её, но и не исключал. Он никогда не претендовал на высокие титулы. Но его подвиг, его вклад в Карабахской войне был высоко оценён Главным Верховным Главнокомандующим и Президентом Азербайджана Ильхамом Алиевым. Ибаду Гусейнову присвоено звание Национального героя Азербайджана.

Президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган присвоил звание Герой Тюркского мира и наградил Золотой звездой Героя. Ибад Гусейнов вписал своё имя в героическую летопись Азербайджана!

В Программе (Протоколе) мероприятия были посещение исторического музея, парка шехидов. Мне довелось многое узнать об истории Турции, познакомиться с прекрасными людьми.

В этот день отметили день рождения Героя Ибада Следуя казахским обычаям, я подарила казахский чапан кабинетного стиля в комплекте с тубетейкой. Также другим гостям подарены мною казахские тубетейки, мои книга «Карабах. Долгая дорога домой», и конечно наши шоколадки производства фабрики Рахат «Казахстан» и «Almaty».

Открытие памятника и парка имени Ибада Гусейнова состоялось на высоком уровне. На осеннем ветру развевались флаги Тюркских стран: Турции, Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана. Мои казахский и азербайджанский флажки всегда были со мной. Эти флажки прошли все 44 дня Отечественной войны в Карабахе. Они мне дороги. Побывали со мной в Шуше. Берегу эти флажки как символ крепкой дружбы наших республик Казахстана и Азербайджана.

Я благодарна турецким и азербайджанским друзьям за приглашение и высокую честь присутствовать на историческом событии в истории Тюркского мира!

**Общественный деятель РК,
Член Союза журналистов
Казахстана Насиха Гумаркызы
г. Алматы, октябрь 2022 год.**



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІК

Отанына адал қызмет ету – әрбір адамның қасиетті парызы. Отанын сүйген азамат өз еліне пайдалы қызмет еткісі келеді. Әрине, мектеп түлектерін, талапкерлерді мазалайтын бір өзекті сұрақ бар, ол – болашақ мамандығын таңдау мәселесі? «Еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді» дейді. «Бірақ еліміздің болашағы үшін кім болғаным дұрыс» деген сұрақтар олардың мазасын алады. Мамандық таңдау оңай шаруа емес. Себебі мамандық – адамның өмірлік серігі. Мамандық адамның өмірлік таңдауы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының тыңдаушыларын да алғаш келгенде осы сұрақ толғандырады. Атамекеніме ана тілімде білім алсам деген арманмен келген қандастарды, өз елінде білім алу мақсатында, атажұртқа тартты да тұрды». «Ал үлкен арманның жетегімен Қазақстанға келген, қазір қазақтың қара шаңырағы атанған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде білім алып жүрген отандастар, ҚХР, Өзбекстан, Түркіменстан, Монғолиядан арман қуып келіп жатқан жастар ағылуда. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздары құжаттарды қабылдау барысында отандық білім беру саласындағы сан түрлі мамандықтармен таныстырғанда әр тыңдаушы өздерінің пікірін өзгертіп, керекті мамандық таңдауға нақты шешімдерін жасайды. Бұл шешім үлкен өмірдегі игі бастамаларды жүзеге асыруға қол жеткізе аласың деген сөз. Дайындық кафедрасында тыңдаушылар негізгі пәндер бойынша ана тілімізде қарқынды оқыту жүйесімен орта білім алумен қатар, болашақ мамандығы бойынша да бағыт-бағдар алады. Кафедра оқытушылары мен куратор-эдвайзерлер «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мың түрлі мамандық», «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» деген тақырыптарды кәсіби-танымдық іс-шаралар өткізеді. Мамандықтармен терең таныстыру мақсатында болашақ білім ордаларының факультеттеріне, жұмыс орындарына танымдық саяхат сабақтарын ұйымдастырады. Мамандық бойынша кәсіби бағдар бере оқытудың өзіндік басымдығы бар, білім алушылар, болашақ мамандығы туралы қажетті ақпараттар да алады. Кәсіби-танымдық саяхат сабақтары мамандықпен жақын танысуына мүмкіндік береді. Кәсіби-танымдық сабағында осы мамандық иелері бізге өздерінің жұмыстары туралы, бұл мамандық иелерінің келешекте қандай перспективалар күтіп тұрғандығы туралы әңгімелеп берді. Болашақ мамандығының қыры мен сырын жете түсіну арқылы талапкерлер бұл жұмыстың артықшылықтары мен өзіндік қиындықтары да болатынын түсінеді. Әрине, еңбек жолында ең жетістікке жетелейтін негізгі фактор – кәсіби бағдарлық жүйемен терең білім алу, себебі сапалы білім алған бүгінгі студент – ертеңгі білікті маман. Өмірден өз жолын тапқан адам – бақытты жан. Кәсіби бағдармен білім беру басымдығы стратегиялық маңызы зор оқу жүйесі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушылары:
Сандықбаева Ө.Д., Тойғанбекова М.Ш., Сағнайқызы С.

ЕЛІМ ДЕП КЕЛГЕН ӨРЕНДЕР

Ел тәуелсіздігінің арқасында осыдан отыз жыл бұрын шетелдегі қазақтарды елге әкелу туралы ұлы көші басталып, содан бері мыңдаған қазақ баласы өз атажұртына қоныс теуіп, елдігіміз бүтінделіп жатқаны ақиқат. Жат жерде туып, жат елдің тәрбиесін алып, өзге тілде сауатын ашқан бауырларымыздың бұл жаққа келгендегі әлеуметтік мәселелері, түрлі қиындықтары, ортаға бейімделуі, моральдық, психологиялық ерекшеліктері болуы заңдылық. Дегенмен бауырларымызды құшақ жая қарсы алып отырған әлемдегі үздік университеттердің алдыңғы шебінен орын алып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы бар. Мұндағы ұстаздар ұжымы диаспора өкілдеріне дәріс беріп қана қоймайды, олардың екінші ата-анасы ретінде бар мейірімі мен қамқорлықтарын аямай, қолдарынан келген көмекті береді. Биыл да әлемдік саяси ахуалға қарамай жүздеген қандас бауырларымыздың армандарын арқалаған балалары елге келді. Олар Қытай, Монғолия, Иран, Түркия, Ауғанстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты алыс-жақын шетелдерден келіп отыр. Қазан айында университетімізге қабылданып, оқуды бастап та кеттік. Шәкірттеріміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі- тілдік қарым қатынасты дұрыс құрып, ортаға бейімделу, жан-жақтан келген әртүрлі білім деңгейлерін бірізді кешенді тест тапсырып, қалаған маман иесі бола алатындай білім игеру.

Бастапқыда бәрінің ден қоятыны – тілді меңгеру. Сауатты жазуды үйрену, жылдам оқуға бейімделу. Тілді жете біліп, қолдана білген тұлға еліміздің қалыптасқан мәдени әлеуметтік салт-дәстүрлерін, қолданып жүрген заңдарын, өз құқықтары мен қоғам алдындағы міндеттерін де білетін болады. Білім көкжиегі кең, білім мен өнерде шекара жоқ дейтініміз рас, кеше келген балалар қазірдің өзінде түрлі сайыстарға қатысып, өнер додаларында жарқырап көзге түсе бастады. Бір-бірімен бұрыннан таныс, туыс адамдардай қол ұстасып, құшақтасып, сайыстарды ұйымдастырып, елге деген құрмет қошеметтерін істерімен көрсетуге тырысып жатқандарын байқаймыз. Кеше ғана университеттегі «Farabifest» жобасына өнерлі тыңдаушылар қатысып, сайыстың іріктеуінен жоғары деңгейде өткені белгілі болды. Нұрсұлтан Ернар (күйші), Қайрол Ақгүл, Әбдіхалел Бейбіт (бишілер) сынды шәкірттеріміз алдағы сынақтардан да сүрінбей өтеді деп сенеміз. Оларға сәттілік тілей отырып, шетелде жүріп, бойларына ұлттық өнерден нәр алып, қуат жинап, оны өмірлеріне азық ете білген талаптарына риза болдық. Бұлардың қатарынан орын алып, өздерін жақсы талаптарымен көрсетіп жатқан жастарымыздың саны күннен-күнге көбейе түсуде. Ұлттық өнерімізді насихаттап, еліміздің рухани саласын көтеруге өз үлестерін қосуда даңғыл жол болсын деп тілейміз!

Ж.Әділханова, Ө.Сандықбаева, Т.Буланова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушылары



ФАКУЛЬТЕТТЕГІ АЛТЫН КҮЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының әр мемлекеттен келіп білім алып, оқып жатқан қазақ қандастары мен АИР өкілдерінің саны артуда. Олардың жаңа ортаға тез бейімделуін және бірін-бірі жатсынбай, Отанына бауыр басып, бір қандас, жерлес екендерін сезіндіру мақсатында білім алумен қатар, сабақтан тыс уақытта, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Университет, факультет, кафедра аясында өткізілетін көптеген, білім, спорт, өнер сайыстарына, студенттік ғылыми конференцияларға, мерекелік шараларға, Қазақстанға танымал тұлғалармен өткен кездесулерге қатысып, өздерінің алдарына қойған мақсат, міндеттерін нақтылай алады. Жастарымыздың дүниетанымын кеңейту, шығармашылығына жол ашу үшін білікті мамандар мен оқытушылар жетекшілік жасайды. Әр мезгілдің өзіндік ерекшелігі бар, солардың бірі мезгілдік «Алтын күз» мерекесін өткіздік. Бұл іс-шара үш бөлімнен тұрды. Тыңдаушылар өздерінің ән, би, өнерімен бірге, өз қолдарынан жасалған туындыларын жасап, қолөнер туындыларын көрсетіп, басқа қырларынан да таныла бастады. Түрлі қабырға газеттерімен безендіріп, белсенділік танытты. Бұндай шараны ұйымдастырудағы мақсатымыз, тыңдаушылардың неге қабілетті, қандай өнері бар, қолдарынан не келеді, қоғамға қандай үлес қоса алады деген оймен жасалынды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіде

<https://www.kaznu.kz> жыл сайынғы дәстүрлі өткізіліп отыратын «Мен жастарға сенемін» атты шарада, қоғамға қабілетті, дарынды жастарды анықтау үшін, жастардың ынтасын көтеру мақсатында жүргізіледі. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында «Алтын күз» мерекесінде, қандастардың ішіндегі дарынды тыңдаушыларды ортаға шығарып өнерлерін көрсетулеріне ұйытқы болды. Тыңдаушылардың өмірге деген құлшыныстарын арттырып, ынталандыру үшін топты жарып, үздік шыққандарға сыйлықтар мен марапаттар берілді. Әр мемлекеттен келген қандастар, бір-біріне қатты үйреніскендігі соншалық, бір үйдің баласындай болып, факультетпен қоштасар сәтке жеткеде бірін-бірі қимай жатады. Дайындық кафедрасында, ең бірінші алдына қойған мақсаты, шетелдік тыңдаушыларды Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен таныстырып, теориялық алған білімдерін практикалық жүзінде іске асыру ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ортада өздерін еркін ұстап, бәсекеге қабілетті жастар дайындау еді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін білімді ұрпақ, ол Тәуелсіз мемлекеттің болашағы екенін сездіріп ұғындыру біздің, яғни ұстаздардың, шәкірттеріне деген міндеті деп білеміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары:
Ө. Д. Сандықбаева, Тойғанбекова М.Ш., Мажикқызы Н.



Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы жан, «Түркі әлемі» мәдени қорының белсенді мүшесі Гүлсара Сайдманованы 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп-төксек те аз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, Аналық баққытқа кенеліп жүре беріңіз!!!

Батыр да туған анадан, ақын да туған анадан, Ананың биік тұғыры – анадан туған бар адам. Пайғамбарымыз Мұхаммед ананы құрмет санаған, Анаға мәңгі борыштар елдегі барлық дана адам.



«ҚОЛӨНЕР - СЫРЛЫ ӨНЕР»

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 25 қазан – Республика күніне орай ұйымдастырылған «Атамекенге қош келдіңіздер!» атты мерекелік шараға арнайы кафедраның жанынан құрылған «Жас шебер» үйірмесі «Қолөнер – сырлы өнер» атты қолөнер бұйымдар көрмесін ұйымдастырды. Көрменің мақсаты – факультетте білім алушы жастарға қолөнерді насихаттау, үйрету, тоқылған бұйымдармен таныстыру. Көрмеге қолдан тоқылған кішкентай қыздарға арналған көйлектер, балалар ойыншықтары, жастықтың тысы, сөмке түрлері қойылды. Он саусағынан өнер тамған шеберлердің қолынан шыққан қолөнер бұйымдар көздің жауын алады. Соның ішінде, әсіресе қызыл-сары түсті кішкентай қыз балаға арналған көйлектер мен кофталар бірден назарын өзіне аударды. Тоқыманың қас шебері «Жас шебер» үйірмесінің жетекшісі Меруерт Ибрагимова шабыт келсе, бір апта ішінде тоқып бітіруге болатынын және оған сүйіспеншілік керек екенін айтты.

Көрмеге келушілер көрмені тамашалап, қолөнерге деген қызығушылықтарын білдірді. Тыңдаушылар үйірмеге қатысып, қолөнер бұйымдарын үйренуге ниет білдірді.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары:
Г.А. Тастемирова, Г.А. Габитова



ҚАЗАҚСТАНҒА САЯХАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті 2022 жылдың 19-қазанында ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында білім алып жатқан ауғанстандық тыңдаушылардың қатысуымен онлайн форматта ZOOM платформасында 25 қазан – Республика күніне орай «ҚАЗАҚСТАНҒА САЯХАТ» атты мерекелік шара өтті. Мерекелік шараның мақсаты – шетелдік тыңдаушыларға Қазақстан Республикасы туралы мәлімет беру, қазақ елінің тарихына шолу жасай отырып, таныстыру.

Аталған шараға: Қазақстандағы «Ариана» ауған орталығының басшысы Ахмадулла Восток мырза, Ауғанстан Жоғары Білім министрлігінің халықаралық байланыстар департаментінің директоры доктор Назар Мохаммад Урфан мырза, «Парван» университетінің профессоры доктор Саид Мобин Хашими мырзалар қатысып, Қазақстан тарапынан Ауғанстанға беріліп жатқан көмектері жайлы ризашылықтарын білдіріп, Қазақстанның одан әрі дамуына тілектестіктерін білдірді. Екінші кезекте сөз алғандар ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ауғанстандық түлектері қазіргі таңда Алматыдағы «Пинг Оушен» сервис компаниясында жұмыс істеп жүрген 2015–2016 жылғы түлегі Каргар Бабур білім берген факультет ұстаздарына алғыс айтып, Республика күнімен құттықтады. Сонымен қатар 2018–2019 жылғы түлегі, халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті Дурани Набил, 2019–2020 жылғы түлегі Зафари Ақыл, факультеттің 2020–2021 жылғы түлегі қазіргі таңда экономика факультетінің 2-курс студенті Пайванди Жавид, 2022 жылы математика факультетін бітірген Ноори Хамидолла өздерінің жүрекжарды пікірлерін білдіріп, рақметтерін айтты. Шараның екінші бөлімінде оқытушы Өзенбек Салтанат Қазақстан Республикасы туралы кең көлемде слайд-шоу түрінде материалды ағылшын тілінде таныстырып, тыңдаушылардың көңілінен шыға білді. Ауғанстандық тыңдаушылар мерекелік шарадан Қазақстан жайлы көп мәлімет алғандарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары:
Г.А. Тастемирова., Г.Е.Сапаева



Түркі халықтары мәдени қорының белді мүшесі Майра Жақыпованы туған күнімен құттықтаймыз! Өмірдің талай белесінен табысты өтіп, бүгінде бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйеріне айналдыңыз. Сізді туған күніңізбен құттықтап, қажымас қайрат, талмас қанат, күйлі қуат тілейміз. Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!



СОҚЫР ҮМІТ (новелла)

Наташа тағы да Саяхат автобеткіне бет алды. Сергей, өзінің сүйікті Сергейі, Серёгасы бүгін келуі тиіс. Ол сөзсіз сүйіктісіне оралады. Оны Алматыға барып күтіп алмаса ренжіп қалар, өкпелеп қалар. Сіздер білмейсіздер ғой, ол бала сияқты болмашы дүниеге бұртия қалады. Оның жанын дәл Наташадай ешкім түсінген емес, түсіне де алмайды.

Наташа Сергейін Саяхаттан күтіп алып қуантқысы келеді. Өзінің қалай сағынғанын айтпақ. Осы уақытқа дейін көрген қорлығын әңгімелемек.

— Ах, Серёга, Серёга. Мәскеуге сенімен бірге кетсемші. Сенің мұншалық кешігеріңді білгенде, тозаққа болсын өзіңе еріп барар едім.

Серёга жігіттің төресі болатын. Оның Наташаны еркелеткені де керемет қой, шіркін! Ол «мысығым, мысығым» деп ғашығының сүйір мұрнын қысып-қысып қоятын-ды. Кейде «Сен қызыл көйлек кесең, қызғалдаққа ұқсап кетесің» дейтін. Ол-ол ма, «Сенің шиедей еріндеріңді сүйе бергім келеді» деуші еді.

Наташа жолға шықпас бұрын қызыл көйлегін іздеген болатын. Қайда қалғаны белгісіз, қызыл көйлек ұшты-күйлі жоғалыпты. Амал жоқтықтан қолына ілінген киімді кие салды. Артынша ернін боямақ болып айнаға қарап еді, шошып кетті. Кішкене ғана қол айнаның ар жағында он сегіздегі қыз емес, алпысқа келген кемпір тұр.

Наташаның аяғынан әл кетіп, басы айналып құлап бара жатты. Абырой болғанда, қабырғаға сүйеніп қалды. Әйтпесе жерге дүрс ете түсер еді.

Әлден уақыттан соң Наташа өз-өзіне келе бастады. Денесі сонда да дір-дір етеді.

— Маған не болған? Мен шынымен қартайып кеткенмін бе? Мына түрімді Серёга көрсе, безіп кетеді ғой менен... Безіп кетеді.

Қос қолымен шашын жұлып еңіреп қоя берді.

— Құдайым-ай, не жаздым мен саған? Жазығым не? Серёганы үмітімді үзбей күткенім үшін осылай жазалағаның ба? Ендігі өмірім не болады? Сенің алдыңда қандай күнәм бар еді? Айтшы. Не болса да айтып өлтірші...

Наташа сүтпісірім уақыт еңкілдеп жылап алды да, орнынан тұрды. Сосын асықпай беті-қолын жуды. Қайтадан айнаға қарауға дәті жетпей, қолындағы далапты аузына тигізді де, ернін жымқырды. Сергейі құшырлана сүйетін ерні кезеріп кеткен бе, қалай өзі?!

Міне, Сергейді Мәскеуге аттандырған Құлжа күрежолы. «Бір айдан соң келем» деген Серёга әлі жоқ. Неге мұнша кешікті? Неге? Ол бұлай кешікпеуге тиіс еді ғой.

Әне, анау емен ағаштың түбінде Наташа Сергеймен тұңғыш рет сүйіскен. Еһ, қайран күндер! Ғашығы Наташаны осы ағаштың түбінде ұзақ-ұзақ аймалайтын, еркелететін. Ал Наташа болса, ана бір сәкіде Серёганы алдына жатқызып алып, шашынан сипап отыратын. Күні кеше ғана болған сияқты. Сайран салған сол күндер зымырап өтті де кетті...

Наташа шиқылдап келіп, ентіге тоқтаған автобусқа мінді. Автобустың іші күңгірт тартып кеткен секілді. Күңіренген бір күй ойнап жатыр. Осы, осы қара адамдардың күйі де, әні де қайғылы болатыны несі екен?.. Бұларда неге қуанышты әндер жоқ?.. Әйтеуір,

зарлайды да жатады. Онсыз да жетісіп жүрген жоқпын. Қолдан келмейді-ау, әйтпесе ана музыканың үнін өшірер еді. Серёга келсінші, мұны да айтам. Ол орыстың әуезді әнін қойғызады. Сөзсіз сөйтеді.

Бәлкім, Сергейі қазір Саяхат автобеткіне келіп алған шығар, ә?! Қолында бір құшақ гүлі бар ол Наташаны тағатсыздана күтіп отырған болар.

Серёганың Наташаға гүл сыйламаған күндері сирек. Ол күн құрғатпай сыйлық жасайтын. Талғамы да керемет еді ғой! Ол сыйлаған гүлдер қандай әдемі еді!

Мен білсем, қазір Серёга құшағын гүлге толтырып Саяхатта тұр. Наташа жүгіріп барып, оның кеудесіне құлайды. Сөзсіз сөйтеді. Мына автобус шіркіннің шабан аттай жүрмей қойғанын қарашы. Баяғыда Сергей екеуі қалаға әп-сәтте жетуші еді ғой. Сергейдің әңгімесі бәрін, бәрін ұмыттырып жіберетін. Айналасында кім бар, олар не айтып отыр, олар не ойлайды, мұны қызықтырмайтын. О, ол кезде күмбірлеген мынандай музыка ойнамаушы еді. Елдің бәрі бір тілде сөйлейтін, бір тілде ән айтатын. Айналасындағы адамдар не айтып жатқанын түсінетін, білетін. Өзіне жақпайтын, ұнамайтын сөз естисе, шап ете түсетін. Ешкім де мұны сыртқа теппейтін-ді. Осы автобуста өзі би, өзі қожа еді. Ол Сергей барда бақытты еді ғой, бақытты еді!..

Наташа терезеден түскен күннің сәулесін пердемен көлегейлеп отырған жігітке көзі түскені сол еді, жүрегі дір етті. Құдай оңдады деген осы... Мынау менің Серёғам ғой! Дәл өзі! Ол маған неге қарамайды? Жоқ әлде көрмей тұр ма? Наташа әлгі жігітке қарай ұмтылып барып тоқтай қалды. Сергей емес. Дене тұрпаты, сыртқы пішіні Сергейіне ұқсағанымен, мүлдем басқа жігіт екен. Жан дүниесі тағы да құлазып сала берді.

Ескі күндер тізбектеліп көз алдынан өтіп жатыр.

Наташа мектепті бітірген жылы Сергеймен осы автобуста танысты. Кешкісін Алматыдан қайтқан беті болатын. Саяхат автобеткінде мұншалық адам көп болар ма?! Алматыдан Есік қаласына қатынайтын екі автобусқа сыймай қалды. Құдай оңдап, үшіншісіне аяқ іліндірді. Қарақұрым халық автобусқа лап қойған кезде бұл да елден қалмай алға ұмтылған еді. Мұны бір жігіт қолтығынан демеп жіберді. Егер ол болмағанда елдің табанына тапталып қалар еді. Иінірескен адамдардың арасында қысылып әрең тұрған Наташаның құлағының түбінен біреу сыбырлады.

— Сұлу қыз қайда барады екен? Наташа жалт қарады. Манағы қолтығынан демеп жіберген жігіт. Жирен шашты, көк көзді, қыр мұрынды жігіттің қабағының астында кішкене ғана тыртығы бар көрінеді. «Қабақтағы тыртығы болмаса, сымбатында мін жоқ екен» деп ойлады Наташа.

— Табаксовхозға барамын. Наташаның үні саңқ ете түсті. — Ақырын сөйлеңіз. Мен де

Табаксовхозға барамын.

Жігіттің лебі соншалық ыстық болар ма еді! Наташаның беті ұялғаннан қып-қызыл болып қызарып кетті. Бағанадан бері қалай байқамаған, қоянның көжегіндей болып бұл әлгі жігіттің бауырына кіріп алыпты.

— Иванов Сергей Сергеевичпін. Жай ғана Серёга деп атай беріңіз.

— Василева Наталя Александровна.

— Наташа десем бола ма?

— Әрине...

Екеуі де жымыды.

Наташа дәл сол күні бұл өмірге тек Серёга үшін келгенін іштей түйсініп еді. Көре салып ғашық болып қалғанына таңғалды. Серёга сол жолы Наташаны үйіне дейін шығарып салды.

Серёга бүгін аман-есен келсе болды, енді оны ешқайда жібермеймін. Ешқайда. Егер тағы жолға қамданар болса «Мені де өзіңмен ала кет» деймін. Мейлі, Мәскеуге барса да одан бір елі қалмаймын. Наташаға мына құрып кеткір Алматының құны көк тиын! Мұның жұмағы Сергейдің қасында. Ол жердің қай қиырына кетсе де, бұл сонда барады. Осыдан дипломын әкелсінші...

Автобус Саяхат автобеткіне келіп тоқтады. Наташа ылғи да Сергейді алып өрік ағашының түбінде күтетін. Егер Сергей ерте келсе, ол да ғашығын осы жерде тосушы еді.

Сүйікті Серёгасы келмепті. Әлі күн ерте ғой. Бүгін, бүгін кеш батқанша келіп қалар...

Күн ұясына батып барады. Сергей тағы да оралмады. Оның шынымен Наташаны ұмытқаны ма? Жоқ әлде басқа біреуді сүйіп қалды ма? Наташадан да әдемі бір қыз кезіккен шығар. Бұ дүниеде бәрі де мүмкін ғой. Егер басқа біреуі болмаса, Сергей зарықтырмай келуі керек еді. Жоқ, Сергей Наташадан басқа ешкімді сүйе алмайды. Ол Наташаның ақ адал махаббатын лайламайды. Ол түптің түбінде Наташаға оралады. Наташаның мауқын басады. Қазіргі ауыр күндердің бәрі ұмытылады. Наташа мен Сергей шаңқырақ көтереді. Балалы болады.

Сергейдің арманы да асқақ еді ғой. «Наташа, мен дипломымды әкелген соң, екеуіміз үйленеміз. Сосын сен шекесі торсықтай ұл туасың. Ол ұлдың атын Сергей деп қоямыз. Біз оны «кіші Серёга» деп атайтын боламыз. Өзің ойлашы, Сергеев Сергей Сергеевич, керемет емес пе?

Наташа күліп жіберді. «Ай, ақымағым-ай, сен алдымен зарықтырмай келші. Сосын қанша бала туып бер десең де, мен мақұлмын». — Сасымай, кішкене арырақ тұршы! Автобустағы бір келіншек Наташаны итеріп жіберді.

— Өзің ары тұр! Наташа бар күшімен келіншекті нұқып қалды. Келіншек Наташадан әлділеу екен. Оның нұқығанын маса шаққан құрлы көрмеді.

Ызаға булыққан Наташа «дура» деді. Келіншек те қарап қалған жоқ, аузына түскен ұятты сөзді көлденеңдете салды.

Наташа бұрын мұндай бетімен кеткендерді бірауыз сөзбен жуасытушы еді. Бұ қара адамдар не болып барады?.. Баяғыда жасқаншақтап тұрмаушы ма еді?! Шынын айту қажет, Наташа қара адамдарды ұнатпайды. Неге екенін қайдам, оларды иттің етінен жек көреді. Сергей де сондай болатын. Ол бұларды «қазақ» деп атауға қарсы еді. «Біз казакпыз, бұлар ол атты иемденуге лайық емес, бұлар — қара адамдар» деп күлетін. Сол күннен бастап Наташа да жергілікті халықты «қара адамдар» деп атап кетті. Сергей бірде қабағын қара адамдармен төбелесіп жарып алғанын айтып берген. «Сол қаныпезерлер болмағанда» деген еді тісін сықырлатып...

Наташа күйініп тұр. Қазір Сергей қасында болса, мына әйел басынар ма еді. Шіркін, өткен күндер қайта оралса ғой, көздеріне көк шыбын үймелетер едім.

Наташаның жанары жасаурап сала берді.

Наташа күндегі әдетімен Саяхат автобеткіне бармақшы болып жолға шықты.

Сергейі, бәлкім, бүгін оралар. Егер бүгін келмесе бар ғой, одан үмітін біржола үзеді. Несі бар, қартайып тұрғаны шамалы. Бұған лайық біреу жолығар. Жасы бар болғаны он сегізде емес пе?.. Гүлдей құлпырып тұрған Наташаны кез келген жігіт ұнатып қалары сөзсіз. Наташадай сұлу әйелді кім арман етпейді дейсіз. Бұл қандай жігіттің болсын бағын ашады. Сергейдің өз обалы өзіне. Оны күтіп, жастық шағын қор етуге болмайды ғой. Шыдамның да шегі бар. Сергей өзінің бағын бағалай алмады. Егер бағаласа, осы уақытқа дейін келер еді ғой.

Наташа күндегі әдетімен автобусқа міне беріп еді, кондуктор оны ішке кіргізбей қойды.

— Мұның не, ол да адам баласы емес пе?

Автобустың ішінде тұрған сақалды адамның кейіген даусы шықты. Наташа оның не дегенін түсінбесе де, өзіне жанашырлық танытып тұрғанын жүзінен аңғарды. Осы кезде кондуктор да қара адамдардың тілінде ағытылып сөйлеп кетті.

— Ата, сегіз жылдан бері Есік пен Алматының арасында жолаушы тасып күн көріп жүрмін. Сегіз жыл бойы бұл Алматыға тегін барып, тегін қайтады.

Сақалды шал да қарап қалмады.

— Сен «Сегіз жылдан бері бұл әйелді тегін тасып жүрмін» дейсің. Менің бұл ауылға көшіп келгеніме қырық жыл болды. Ол байғұс қырық жылдан бері Алматы мен Табаксовхоздың арасында сабылып жүрген жоқ па? Мүсәпір адам ғой, аясаңшы!

— Мен оны мүсіркегенмен, ол мені жарылқайды ма? Ол автобусқа кірсе болды, салонның іші сасып кетеді. Үстінен ылғи күлімсі иіс мұңкіп тұрады. Клиенттерді бездіріп бітті.

Наташа қара адамдардың не деп жатқанын түсінген жоқ. Түсінгісі де келмейді. Сергей аман келсінші, бұлардың да сазайын беремін. Адамды осылай қорлауға бола ма екен?! Бұлар неге менің тілімде сөйлемейді?.. Мен олардың шүлдірлеген тілін білмеймін, ал бұлар орысшаны шемішкеше шағады ғой.

Ах, Серёга, Серёга... Мені қара адамдардың табасына қалдырмай

Мәскеуіңе әкетші. Мыналардың ішінде жүру қандай қауіпті. Ертең біреуі мені өлтіріп кетсе қайтем?.. Жоқ, жоқ бұлар өлтірмейді. Бұлар – өте жуас халық. Наташаның атасы осы Талғар өңіріне қалай көшіп келгенін жыр қылып айтаушы еді. Ол кісі: «Өзінің жауы мен досын айырмайтын мұндай халықты көрсем, көзім шықсын!» – деп отыратын.

Наташаның есіне баяғы бақытты шақтары түсті.

Сергей Мәскеуін аузының суы құрып мақтаушы еді ғой. Ол ылғи да: «Үйленген соң, Ресейге біржола кетейік. Ол жақта екеуімізге де жұмыс табылады», – дейтін. «Серёга, мен бұрын қалай байқамағанмын. Сен әулие екенсің ғой, әулие екенсің... Түптің түбінде бұ жақтың адамдары өзгертетінін білген екенсің».

Наташа Серёганың «Ресейге кетейік» деген ойымен келіспеген болатын. «Мынау аспанмен таласқан таулары бар Алматымды, Талғарымды қимамаймын» деген. Оны былай қойып, Сергейдің: «Мәскеуге барып қыдырып қайталық. Менің диплом алу кешіме қатыс», – дегеніне де көнбеп еді. Негізі, Мәскеуге барып келуге болар еді, әкесі ғой жібермей қойған.

Наташа Құлжа күрежолын жағалап жүріп кетті. Табаксовхоздың шыға берісінде орыстардың мазары бар. Сол бейіттердің арасында сүйікті әкесі мен шешесінің мүрдесі жатыр. Наташа әлі күнге әкесін кінәлайды. Қазір ата-анасына барып, барлық мұңын шақпақ. Егер Сергеймен бірге Мәскеуге қыдыруға жіберсе, қазір бәрі басқаша болар ма еді?.. Соны айтады. Автобусқа мінгізбей қойған келіншекті де жамандайды.

Сол жолы Серёга маған ренжіп кеткен болар. Әйтпесе оның менен жерітіндей жөні жоқ қой.



Наташа тағы да Саяхат автобекетіне жол тартты.

Түнде түсіне Сергей кіріпті. Баяғы бақытты күндері қайта оралған екен. Екеуі қол ұстасып алып Шымбұлаққа қарай кетіп бара жатыр. «Неге соншама күттірдің?» – дейді бұл. «Сенің мені мұншалықты шын сүйетініңді білмеппін», – дейді ол. «Сен осыған дейін қайда болдың?» – деді Наташа. «Қайда болғаны несі, Табаксовхоздамын ғой», – дейді Сергей. Бір қараса, Сергей мен Наташа мазарлардың арасында жүр. «Наташа, сен үйге кете бер, мен сені осы жерде күте тұрамын», – деді Сергей. Сол ақ екен, ол көзден ғайып болды. Наташа «Серёга, Серёга, сен қайдасың? Тағы да мені тастап кеткенің бе?» деп жылап жатып оянып кетті.

Бүгін күн де ерекше нұрланып тұрған сияқты. Сергейді түсінде көргендіктен бе, Наташаның сағынышы сәл бәсеңдегендей.

Құлжа күрежолының бойында неге адамдар көбейіп кеткен? Не болған мұнда? Жолдың ортасында бір машина тұр. Оның алдында етбеттеп аппақ көйлекті бір жігіт жатыр. Көйлегі қан-қан. «Ойбай, құрыдым, мынау Серёга ғой!».

Әне, бірдеңеден құр қалғандай МАИ көлігі мен жедел жәрдемнің машинасы азынап келеді.

Наташа да екі өкпесін қолына алып жүгіре жөнелді. Жүрегі атқақтап, кеудесін жарып шығатындай соғуын қарашы. «Бәсе, түндегі түсі бекер емес». Келді де, жерде жатқан жігітті құшақтай алып жылай бастады.

«Серёга, Серёга, тұршы... Ояншы, күнім. Сен бұлай өлмеуің керек. Сен мені қалай тастап кетесің, қалай? Серёга, тым құрыса бетіңнен бір рет сүйгізші, ақтық рет...»

Ол зіңгіттей жігітті аударып кеп жіберді. Жерде жатқан Сергей емес, қазақ екенін көріп, орнынан атып тұрды. Қуанып кеткені соншалық сықылықтап күліп жіберді.

– Өл, өме қап, мен сені Сергей екен деп қалсам, қара адам екенсің ғой. Саған сол керек! Сендер ғой Сергейдің қабағын жарған. Сендерсіңдер...

Наташаның бұл сөздеріне ешкім көңіл аударған жоқ. Мүрденің қасындағы адамдар оны мүсіркеп тұр.

Наташа автобусқа мініп, Саяхатқа жүріп кетті. Күндегі әдетімен күбірлеп сөйлескен қара адамдардың сөздеріне құлақ қойды. Осылардың тілі де қызық. Арасында орыстың да сөздері бар. Шіркін, түсінсе ғой. Олар не айтады екен? Бәлкім, мені жамандап жатқан шығар. Жоқ әлде менің әдемілігімді айтып, ауыздарының суы құрып, тамсанып отырма?

– Осы кемпірді жиі көремін. Ақыл-есі түзу емес-ау.

– Өй, ақырын сөйле, қазақша түсінетін шығар.

– Түсінбейді. Ернін қарашы, қып-қызыл етіп бояп алыпты. Псих болуы керек.

– Жоға, псих емес. Жыңды болса, елдің берекесін алар еді ғой. Кстати, мен осы кемпір жайлы бір әңгіме естігенмін.

– Қалаға жеткенше айтып берсеңші...

– Ой, ваще-то, неважный әңгіме.

Мені білесің, сөзуар емеспін. Кез келген әңгімені екіауыз сөзбен бітіре саламын.

– Сонда да тыңдайық.

– Бұл жас кезінде өте әдемі қыз болыпты.

– Көрініп тұр, мөлдіреген көзін қарамайсың ба?

– Қарамай-ақ қойдым оның көзіне. Мұның Мәскеуде оқыған, интеллигентный жігіті бар екен. Енді үйленеміз деп жүргенде сол жігіті көлік апатына түсіп, көз жұмыпты.

– Қой-ей, рас па?

– Е, мен қайдан білем?! Осы автобуста келе жатып естіген әңгімем. Жігітінің мүрдесі Табаксовхоздағы орыстар бейітіне жерленіпті. Бұл қайғы ауыр тиер деп ата-анасы қызға тіс жармапты.

– Соған бола адам ақыл-естен айырылмайтын шығар.

– Е, кім білсін, әйтеуір күнде Саяхатқа барып, сүйіктісін күтіп жүретін көрінеді.

Наташа терезеден сыртқа қарады. Қалай байқамаған, айнала қызғалдаққа толып кетіпті. Жер беті құлпырып тұр. Сергей екеуі дәл осы мезгілде танысып еді ғой... Иә, сөйткен... Сол бақытты күндер әлі-ақ оралады.

Көр де тұр, Наташа Сергейдің етегінен ұстап Мәскеуге кетеді. Мәскеуге...

Қанат ӘБІЛҚАЙЫР



ФИНЛЯНДИЯДА ӨМІР СҮРГЕНДЕР...

«Финляндияда өмір сүремін. Жалпы алғанда бұл жерде өмір сүру шарттары өте жақсы. Кедей адамды кездестіру қиын. Ішімдікке салынған немесе есірткі тәуелділігі сияқты індеті жоқ адам, ешкімге мұқтаж болмайды. Қандай бір еңбек істеген адамға, жеткілікті жалақы төленеді. Кейбір себептермен белгілі уақыт жұмыссыз немесе үйсіз болса, мемлекет жәрдемақы, баспанамен қамтамасыз етеді. Ал қалыпты еңбек ететін адамдар жеткілікті жалақы алады және қандай да бір қаржылық тапшылығы болмайды.

Финляндияда осындай молшылық болса да, азық-түлік, киім-кешек немесе тұрмыстық заттарға қатысты мүмкіндігінше ысырап жасалмайды. Аса қажет болмаса, ешкім артық нәрсе сатып алмайды. Үйіндегі, қолындағы бір заттың қажеттілігі қалмаса, тастай салмайды, оны жарияға салып, қажеттілігі бар біріне береді. Болмаса ескі зат алатын дүкендерге немесе ескі зат жинайтын ұйымдарға өткізеді. Қажеттілігі бар адамдар сол жерден алады.

Мысалы, балалы отбасы, қаражат тапшылығы жоқ болса да, ескі киім немесе ескі зат дүкендерінен қажетті киім-кешек немесе заттарын арзанға сатып алады. Бір жылдан кейін киім-кешектері кішірейіп қалса, тағы басқа қажеттілігі бар адамдарға сатады немесе ескі зат дүкендеріне өткізеді. Киюге немесе қолдануға жараммай қалған заттар, қайта өңдейтін өндірістерге өткізіледі. Ешкім ешбір затты қажетсіз деп қоқысқа тастап, ысырап жасамайды.

Азаматтар ескі зат дүкендерінен ештеңе сатып алмаса да, барып аралап қайтуды ұнатады.

Финляндияда ескі зат дүкендеріне бару немесе зат сатып алу ешқандай ұят емес, ешкім айыптамайды. Керісінше бұл, адамдардың қарапайымдылығы мен ысырапшыл еместігін, интеллектуалды азамат екенін көрсетеді.

Финляндияда сіздердегідей қымбат әрі үлкен джип машиналар көп жоқ, ондай көлік мініп жүруді жатырқанады. Өйткені отан үшін, адамзат игілігі үшін басқа маңызды істер тұрғанда, ондай қымбат көлік мініп, жанармайына көп қаражат жұмсау, ауаны лақтау дұрыс емес.

Қымбат киім киіну, қымбат көлік міну – мақтанға жатады және жоқшылықтың зардабын тартқан психологиядан туындаған немесе мақтанға бой алдырған комплекстің белгісі, интеллектуалдың төмендігін көрсетеді.

Сондықтан бұл жердің адамдары қарапайым киінеді, бірақ таза киінеді, жалпы президенттен бастап бәрі де қарапайым өмір сүреді.

Финляндия халқы адамдарды киген киімі мен мінген көлігіне қарай бағаламайды. Керісінше, біліміне, интеллектуалдық адамшылығына қарай бағалайды.

Финляндия халқы құқықтың әділдігіне ерекше назар аударады, адам құқықтарын қорғауды басты назарда ұстайды. Құқықтық, әлеуметтік және моральдық қағидаларды бұзбайды. Сонымен қатар білім мен ғылымға ерекше көңіл бөледі».

Міне, біздің батыс, батыс деп қайран қала беретініміздің құпиясы осы болса керек.

Өкініштісі, мұндай нәрселер бізде тек сөзде бар, істе жоқ.

Жоламан БУЛАН



зерттеуші республикада жоқ. Ол кісінің ізін жалғастырғандар да әлі шықпады. Күміс тостағанның қорғаннан шыққанына 50 жыл болса, Мағрипа Шөжеғұлқызы соның 30 жылын таңбаларды зерттеп, мәнін қағазға түсірумен болған. Ғалым 26 таңбадан үш томдық мәтін шығарған. Одан да ары тереңдеп, бұл таңбалардың 49 қабаты бар екенін анықтап, жаратылыстану, гуманитария ғылымдарына керекті орасан мол мәлімет шығарды. Бұл деген әлемде болмаған сенсация! Ғалым мұрасының бір бөлігі 2020 жылы «Нұрлы өлем» баспасынан үш том болып жарық көрді. Ғалымның басқа дүниелерін баспадан шығаруды үкімет қолға алғаны жөн.


Ғалым апамыз 1989 жылдан бастап Алтын адамның көнеден жеткен жазула-

1970 жылы Қазақстандағы Есік қорғанынан табылған Алтын адам еліміздің символына айналғаны белгілі. Қазба жұмыстары кезінде Сақ қорғанынан төрт мыңнан астам алтын бұйымдармен бірге күміс тостаған шыққаны белгілі. Тостағандағы 26 таңба көптеген ғалымдардың назарын аударғанымен, оның кілтін тауып оқып, ғылымға қажетті мол мәліметті шығарған ешкім болмады. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде ұстаздық қызмет атқарған физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Мағрипа Жылқыбаева 1980 жылдардың соңында Алтын адамның тостағандағы жазуын баспасөз беттерінің бірінен көріп, әр таңбада ғылыми формула бар деген ойға келеді. Сөйтіп, өзінің қызмет орнын тастап, Алтын адамның 26 таңбасының расшифровкасын физика-математикалық әдіс-тәсілдермен зерттеуге көшеді. Алтын адамды зерттеуге 30 жыл ғұмырын жұмсаған ғалым артына көптомдық еңбек қалдырып, 2019 жылы 73 жасында дүниеден озды.

Қыркүйектің 8-і күні Алматы облысындағы Есік қаласында Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасын насихаттау мақсатында бірнеше шара өтті. Алдымен Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында «Алтын адамның күміс тостағандағы 26 таңбасының құпиясын ашқан ғалым» деген тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мағрипа Шөжеғұлқызының мұрасын зерттеушілер музей қызметкерлері мен аймақ мектептеріндегі тарих пәнінің мұғалімдері алдында сөз сөйлеп, Алтын адам тұлғасын жаңаша танудың өзектілігіне тоқталды.

Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы басшысының орынбасары Досым Зікірия жүргізген басқосуда ғалымдар Мағрипа Жылқыбаеваның «Алтын адамның аманаты», «Алтын адамның мұрасы», «Құпия күштер құдіреті» деп аталатын кітаптары жайында пікір алмасты. Жиында сондай-ақ «Қазақстан дәуірі» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлы, Мағрипа Жылқыбаеваның мұрасын зерттеп, насихаттап жүрген ғалым, ақын Болат Шарахымбай, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы, қаламгер

АЛТЫН АДАМНЫҢ АМАНАТЫ



Шаяхмет Құсайынұлы, т.б. зиялы қауым өкілдері сөз сөйледі. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл атындағы орта мектеп пен Еңбекшіқазақ ауданынан тарих пәнінің ұстаздары қатысып, пікір бөлісті. Физик ғалымның Алтын адам жазуы мен жартастардағы петроглифтерді зерттеудегі өзіндік тың әдістері талқыланған дөңгелек үстелді мекеме басшысы Гүлмира Мұхтарова қорытындылады.

Сонымен қатар, Еңбекшіқазақ аудандық кітапханасында аймақтағы кітапханашылар мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен Алтын адам мұрасын бүгінге жеткізген физик ғалымның еңбектерін талқылауға арналған жиын өтті. Басқосуда ғалым еңбектерін ары қарай зерттеу, оқыту мәселелері де көтерілді. Кітапхана ұжымы атынан сөйлеген Гүлия Саурықова Еңбекшіқазақ ауданына Мағрипа Жылқыбаеваның кітаптарын тарту еткені үшін ғалымның ұрпақтарына алғыс айтты.

Осы күні ғалымды еске алуға арналған тағы бір шара Есік археологиялық өлкетану музейінде ұйымдастырылды. Мағрипа Шөжеғұлқызының көзін көрген зиялы қауым өкілдері Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің студенттері, ұстаздар қауымы және Ж.Қайыпов атындағы орта мектептің оқушылары алдында баяндама жасады. Музей меңгерушісі Нарима Тойжанова аймақтағы мектеп мұражайларының қызметкерлеріне М.Жылқыбаеваның еңбектерін таныстырды.

МЕНДЕЛЕЕВТИ ДЕ КЕЗІНДЕ МОЙЫНДАМАҒАН

Болат Шарахымбай: «Мағрипа Жылқыбаева – Алтын адамның тостағандағы жазуын фундаменталды тұрғыда ғылыми әдіспен зерттеген жалғыз ғалым. Алтын адам әлеміне терең бойлап, соған отыз жыл өмірін сарп еткен

рын оптика ілімі арқылы зерттеп, еліміздегі және шетелдердегі 1000-нан астам жартастар жазуларының, көне каллиграфиялық суреттердің шифрын ашыпты. Ғалымның еңбектерінде күрделі мифтік сөздер бар. Осыдан көп жыл бұрын, ол кісі Алтын адамды зерттеуді алғаш бастағанда тапқан мәліметтерін мақала етіп жазып, қазақ газет-журналдарының редакцияларына апаратын. Сонда редакциядағы кейбір қызметкерлер «бұл кісі қияли» деп сенбейтін. Бірақ уақыт көрсеткендей, ғалымның ашқан жаңалықтары шындыққа айналуда.

Ғалымда жаңа саланың негізін қалаған ғалымды замандастары бірден түсінбейді. Бұл тарихтан белгілі. Әйгілі химик Д.И.Менделеевті де өз кезінде мойындамай, ашқан жаңалықтары кейін шындыққа айналды емес пе?! Уақыт өте келе Мағрипа Жылқыбаеваның формулалары да шындыққа айналуда. Республикада қанша Алтын адам табылды?



Бесеу ме? Ғалым апамыз әлемде қанша Алтын адам бар екенін алдын ала жазып кеткен. Алтын адам жатқан қорғандардың қайсысын қалай ашу керек, табылған заттардың қандай ғылыми мәні бар? Соның бәрін айтып кетті. Бұл кісінің мықтылығы сонда. Біз басқаға еліктеп, өзінің асыл адамдарын бағаламайтын халықпыз ғой. Мағрипа Жылқыбаева – ұлы адам.

Бұған дейін Алтын адамның жазуын 28 кісі оқыдым деп мәлімдеді ме? Күміс тостағанға жазу түсірудің де құпиясы бар ғой. Ол оптика ілімімен, физика ғылымымен байланысты құпия екенін тұңғыш ашқан ғалым – Мағрипа Жылқыбаева. Алтын адамды дәл осы физик сияқты терең зерттеген ешкім жоқ. Мағрипа Жылқыбаева – қазақ ғылымының «Ньютоны». Егер И.Ньютон тірі боп, осы жазуды көрсетсе, ол оқи алар ма еді? Меніңше, бұл жазуды ағылшын физигі оқи алмас еді. Өйткені, физика ғылымын Алтын адам жазуымен бірге, одан шыққан сілтемелер бойынша жартастағы таңбаларды зерттеуге пайдаланып, соған өмірін құрбан еткен ғалым әлемде біреу, ол – қазақ қызы.

Ол кісінің 1981 жылы Томск мемлекеттік университеті, Сібір физика-техникалық институтында қорғаған еңбегі де Ресей ғалымдарының қызығушылығын тудырып, сонда қалып еңбек ету туралы ұсыныстар айтылған. Бірақ ғалым «Қазаққа қызмет етемін» деп Алматыға келген. Әлемдегі Алтын адамдардың санын да физика-математикалық әдіспен зерттеп тапқан. Бұл кісі фундаменталды ғылымның өкілі. Қазақтың балалары осы жаратылыстану ғылымдарына мойын бұрса, еліміз келешекте аяғынан нық тұрады деп сенемін».

ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕ ПИРАМИДАЛАР БАРЫН АЛҒАШ АЙТҚАН

Ертай Айғалиұлы: «Ғалымның бүкіл мұрасы баспадан шығуы керек. Мен «Ана тілі» газетінде істеп жүргенде ғалым апамыз Алтын адам жазуы бойынша ашқан жаңалықтарын таныстыратын мақаласын редакцияға әкелді. Мен ол кісінің мақалаларын оқығанда ой-тұжырымдарына қызығатынымын. Рас, «қиял адам» деп күлгендер де болды. Бұған дейін жазудың оқылуының 12 нұсқасы бар дей ме? Бірақ олар бұл таңбалардың мағынасын ашпаған ғой. Ал физик ғалымның еңбегі әр таңбаның 49 қабатын ашуымен құнды.

Өкініштісі сол, ғалым көзі тірісінде бағаланбады. Ол университетте істеп жүрген жұмысын тастап, Алтын адамды зерттеуге көшті. Егер университетте жұмысын жалғастырса көрнекті профессор, академик болар ма еді? Егер бұл дүниенің қызығын тәрк етпегенде, мүмкін аса бай, дәулетті адам болар ма еді? Алтын адам үшін соның бәрін құрбан етті. Өз денсаулығын аямай еңбек етті. Жетісу жерінде пирамидалар барын да алғаш айтқан осы кісі болатын. Ол кісінің баста-

уымен мен өзім сол пирамиданы барып көрдім. Сол жерден кірпіш табылған, ғалым апамыз онда бедерленген жазуды оқып, кітабында ол туралы жазған. Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми көрегендігіне мысал, «Аралдың астында 5 қала бар» деп айтып кеткен. Жақында Аралға барғанда білдік, расында 5 қаланың орны табылыпты, зерттеу жұмыстары басталып та кетіпті...»

БІРНЕШЕ КӨНЕ ЖӘДІГЕРДЕГІ ЖАЗУДЫҢ КІЛТІН ТАПҚАН

Шахмет Құсайынұлы:

«Құдайға да жақсы адам керек» деген... Бидай өңді, маңдайы жарқыраған, жүзіне ұдайы мейірімді күлкі үйіріліп тұратын, мінезі ашық, өте парасатты, білімді ғалым Мағрипа Шөжеғұлқызы Жылқыбаева мәңгілік мекеніне кеткенімен оның қыруар өлмес мұрасы жасай бермек, жасап та келе жатыр. Ол кісі бір емес, бірнеше көне жәдігердегі жазудың кілтін тапқан. Ең алғаш Мағрипа апайды 2005 жылдың жазында көрдім. Қолында Алтын адам туралы мақаласы бар, «Қазақстан-Заман» газетінің редакциясына кіріп келді. Мен журналист болып осы ұжымға жаңадан кіргенмін, ал апамыз болса бұрыннан көптеген өзекті мақалалар жазған, оқырмандарға танымал. Елананың жанына келіп бәріміз сәлем бердік. Ол біздің сәлемімізді жылы қабылдап, өткір де, өзекті, оқырмандар сусындап оқитын мақалаларын бас редакторға табыстап кетті.

Өзім Алтын адам мекенінен болғандықтан маған бұрыннан таныс, ертеректе Еңбекшіқазақ ауданының Түрген ауылынан табылған күміс тостаған туралы ғалым жазған мақаланы көзім шалды. Мүмкін бұл мақала бұдан да ертерек жазылған шығар. Кезінде күміс тостағанның табылғаны жайлы мақала жазғаным есіме түсті. Түрген ауылының маңындағы ашық алаңға соқа түсіп, жер жыртылған. Сол қазылған жерден көне жәдігер тостаған жарқ ете қалады. Мақала жазу үстінде, жиегіндегі майда жазуларға көзім түсті. Ол маған өрнектелген жиек сияқты көрінді. Әріптер екенін түсіндім. Шіркін, мұнда не жазылды екен деп ойладым. Сөйтсем мұндағы жазуды, ғалым Мағрипа апамыз «МАИН ЕР ТҮРІКТИҢ ТЕГІ» деп тайға таңба басқандай етіп талдап беріпті. Міне, мықтылық! Бұл туралы «Түркі әлемі» газетіне мақала жариялаған болатын. Бұдан да бұрынғы жылдары Көк түрік, Хара түрік, Сары түрік, Ахали түрік, Мәсхат түрік туралы жазылса, енді оның қатарына МАИН ЕР ТҮРІК қосылды. Біз бүгін Мағрипа Жылқыбаеваның ғалымдық, журналистік қырына ғана тоқталдық. Негізі физика-математика саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Айта берсек, істеген еңбегін айтып тауыса алмаймыз. Жалпы, қарым-қабілет тұрғысынан Мағрипа Жылқыбаеваның деңгейіне жеткен ғалым әлемде жоқ десек болады».

Өз тілшімізден

КАФЕДРАМЫЗДА ҚҰРЫЛҒАН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ МАҚСАТЫ

Озық технологиямыз дамыған мына заманда жастарымызды интернет шырмауынан аластату үшін, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында әртүрлі бағыттағы 20-ға жуық клубтар мен үйірмелер жұмыс атқарады. Солардың ішінде бірнешеуіне тоқталып өтетін болсақ «Өлкетану» мәдени-танымдық клубы шетелдерден келген студенттерімізді Алматының көрікті жерлерімен таныстыру жұмыстарын жүргізеді. «Қызықты старт» спорт клубы түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырып, студенттердің денсаулығын шынықтыру жұмысымен шұғылданады. «Поэзия патшалығы» атты поэзия клубы өлең шығаруға бейім, дарынды студенттерді іріктеп, сайыстар ұйымдастырады және ақын-жазушылармен кездесу кештерін өткізеді. «Кәсіби бағдар беру» мәдени танымдық клубы студенттердің өз мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру мақсатында құрылған. «Мұражайтану» үйірмесі Алматы қаласындағы мұражайларға саяхаттар ұйымдастырады.

Осы орайда «Жас шебер» үйірмесіне арнайы тоқталып өткім келеді, бұл үйірме студенттерімізді қолөнерге баулиды. Үйірме мүшелері кафедрामызда білім алатын өзге елдерден білім сапарымен келген қандас бауырларымыз, ауған тыңдаушылары болып табылады. Нақ осы бауырларымыз өзге елде жүрсе де елімізде ұмыт бола бастаған бабалар мұрасын сақтап, елімізге жеткізуде. Ал ауған қыздары болса, бізге таныс емес өнерлерімен таңғалдырады. Үйірменің мақсаты – бабалар мұрасын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына кішкене де болса үлес қосу. Үйірмеіміздің құрылғанына біршама уақыт болды. Біраз жетістіктеріміз де баршылық. Жас шеберлермен жасалған бұйымдар көрмелерге шығарылып, кейіннен жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Қолдан өндірілген бұйымдар сатып алушылар тарапынан қызығушылығын туғызып, арнайы тапсырыстар қабылдап, азғана болса да халқымыздың тұрмыстық қажеттілігіне жарап жатыр.

Биылғы оқу жылында жаңадан «Жас ғалым» зерттеу үйірмесі құрылды. Ондағы мақсат – тыңдаушылардың ғылыми қоғамы ғылымның, техниканың, мәдениеттің түрлі саласындағы жетістікті аса терең білуге, шығармашылық тұрғыдан ойлауды, зияткерлік бастамасын, өз алдына болуды, өз іс-әрекетіне аналитикалық көзқарасты болуды дамыту, зерттеу жұмысын пайдалану мен қолдануға, шығармашылық қабілеттерін арттыру, теориялық және практикада алған білімдерін тұрмыста пайдалануға бағдар бере отырып, өздіктерінен жұмыс істеуге машықтандыру, жан-жақты белсенділіктерін арттыру.

Сонымен қорытар болсақ, жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
аға оқытушылары Ибрагимова М.Н., Тастемирова Г.А.

АЛМАТЫ – АРУ ҚАЛА

Халықтар достығы мен татулықтың тұрақты аренасы ретінде әлемге танымал болған Қазақстанда қазіргі таңда білім алып жатқан шетелдік студенттер аз емес. Шетелдік студенттердің біразы білім алу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдайды. Ағымдағы оқу жылы тыңдаушылар еліміздің жетекші жоғары оқу орнында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде мемлекеттік тілде білім алып жатыр. Шетелдік білім алушыларды зайырлы Қазақстан Республикасының қазіргі саяси-географиялық, экономикалық-әлеуметтік жағдайына бейімдеу және оларды халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге баулу мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымы тәрбиелік мәні зор шаралар ұйымдастырады. Оқу жылының бастапқы кезеңдерінде-ақ «Қазақстан кереметтері» шара аясында «Алматы – ару қала» атты мәдени-танымдық саяхат сабақтары ұйымдастырылуда. Шараны ұйымдастырушылар: куратор-эдвайзерлер білім алушыларды Алматы қаласының көрнекті жерлерін аралатып, шаңарымыздың маржаны – «Алматы Арена» мұзайдынына апардық. Сонымен бірге Алматыдағы «Алматы Арена» спорткешенін тамашалады. Шара тек мәдени-танымдық қана емес, тәрбиелік мақсатты толық қамтыды: білім алушыларға, бос уақытын тиімді өткізуге спортпен айналысуға, салауатты өмір салтын сақтауға насихаттау мақсатында мұзайдынында мәнерлеп сырғанау шарасы ұйымдастырылды. Осы мәдени-танымдық сабақ, спортпен шұғылдану – адамның өз денсаулығына қамқорлық жасауы, өз өміріне жауапкершілікпен қарауға ұмтылдыратын тәрбиелік мәні зор шара болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушылары:
Тойғанбекова М.Ш., Сандықбаева Ө.Д., Нұртілеуова С.Р.





*Қыркүйек және қазан айларында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының белсенді мүшелері
Тамара Сура,
Шарипа Нураханова,
Клара Таутаева,
Гүлнара Ахметова,
Ләйлә Айтжанованы туған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз!
Өмірлеріңізге барша жарық дүние шапағатын, зор денсаулық, баянды бақыт, мейірім мен қуаныш тілейміз! Оймақсаттарыңыз жүзеге асып, туған күн мерейлі істердің бастау күні бола берсін, бақыт пен береке әкелсін, еңбектеріңіз табысты, абыройлы болсын!*

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

STUDENT LIFE OF AL-FARABI KAZNU UNIVERSITY

Student years are a time of bright, interesting, and unforgettable impressions in everyone's life. This is a time when a person is full of energy, feelings, and emotions, interesting ideas and plans, creative ideas and optimism, and open to development and improvement.

The life of a student at our university is connected not only with learning during this period he becomes a mature person, a citizen of his homeland, and a specialist. During this period, students develop their talents and abilities, learn a lot of new things and take an active part in the social life of the university and the city. KazNU has a long tradition of holding cultural and creative events, and the Center of student creativity is the Center of Youth and Student Initiatives of our university. The main task of the Center is intellectual and creative development of students who actively participate in social and cultural life, creating conditions for leisure activities and uniting students into creative collectives and clubs of interest.

Student life is the most wonderful time. It is the student years that are the most interesting and unforgettable. This time is filled with romance

and carelessness. Student life brings a lot of joy. At first, a person is happy when he finds out that he has become a student, then new acquaintances and friends. From session to session, students live fun. And how much more is worth going through.

Everyone has good memories of student life. How they prepared for the session, how they passed it, and how they celebrated it later. How the scholarship was missing, how they collected money for a pack of pasta. How they gathered in the evening and sang a song to the guitar, how they glued wallpaper in their room, how they went hiking.

Also in our university, there are organizations such as The Student Council of Al-Farabi Kazakh National University is primarily an active youth of KazNU. The main goal of this organization is not only to contribute to the prosperity of the KazNU cam-

pus but also to monitor the order and cleanliness of the hostel, organize events (in the field of sports, debates on various topics, entertainment evenings) contests in order to interest students and make life in the hostel brighter and richer. The Student Council makes a significant contribution to the development of spiritual patriotism among students, forming responsibility in them. Absolutely every student is important to the student council. Indeed, the Student Council provides students with a dormitory, takes into account the social rights of the student, and solves problems in the interests of students at meetings.

Every student after entering a higher education institution should be engaged in science to some extent. Science helps the student to do research work, projects, and business incubators, and, thanks to this, the student will be able to realize himself as a specialist in his field. Science is our future. This organization is also engaged in various intellectual games, competitions, and scientific events. All of the above helps to broaden the horizons, develop the intellect, and the mind,

and awaken the student's attraction to knowledge. And, what is most beautiful, it is waiting for almost everyone! No matter what they say about student life, no matter how they talk about its splendor, no matter what they come up with about this wonderful time, everyone will have their own student life. Unforgettable and unique. One that only you will live. One that will leave a huge mark on your heart. Take everything you can from your student years. After all, no matter how much you want, do not want, no matter how hard you try to eventually return this time, it will only happen once and will never happen again. Our dear students, and everyone who is just going to enroll, student life is in your hands, and only you can decide what it will be! If you are active and want to realize your creative potential — join our team! The Center for Youth Projects and Student Initiatives is waiting for you! With us, you will be able to immerse yourself in a creative atmosphere, offer and implement your creative ideas, increase your skill level and realize yourself in your favorite business, whether it's singing, dancing, acting, etc.; meet a lot of new friends, attend a variety of events and get a lot of positive emotions.

Khudaibergenova A
1st course student of
Mechanics and Mathematics Faculty
Zharymbetova R
English teacher



өсімдікті жұлудың, иіссу жағудың т.б. жазасы бар, делінген. Дәлірек айтқанда, Алланың өмірі мен тыйым салғандарына басқа күндерге қарағанда ерекше ұқыптылық танытқан. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген:

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) умра және қажылық амалдарын өтеуге ниеттенген адамдарға бес мекенді ихрам киетін жер ретінде белгілеп кеткен. 1. Зул-хуләйфа. Бұл – Мәдина қаласына жақын маңда орналасқан. Мәдина тарапынан қажылыққа келе жатқан адамдар ихрам

шайтанға тас лақтыру секілді ғибадаттар бар. Бұл сауап алуымызға бастап, әрі бізді күнәлардан арылтады.

ҚАЖЫЛЫҚ ӘДЕПТЕРІ

1. Қажылық, не ұмра жасаушы кісі Аллаға жақындауды ниет етіп, мақтангершілікке, жалған атаққа және көзбояушылыққа жол бермеуі керек.
2. Алған қарыздарын өтеп, қолында аманат заттар болса иесіне қайтарған, не сапарға шығып бара жатқанын ескерткені жөн.
3. Өткен күнәларына өкініп төубеге келу және ондай күнәларды қайталамауға шешім қабылдау.
4. Біреулерге қатысты әділетсіздік жасаған болса, оның орнын толтырып, кешірім сұрау.
5. Халал қаражатпен жолға шығу.
6. Барлық күнә атаулыдан бойын аулақ салу, ешкімге зиян тигізбеу, балағаттамау, сыртынан

Біздерге қазан айында Алматыдағы «Түркі әлемі қоғамдық қоры» мүшелерінің Ұмраға бара алатындарын хабарлады. Әрине, бала кезімдегі арманның бірі еді. Меккеде болып, «Қағбаны» көру, бірақ ораза ұстасам да намаз оқымайтынымды айтып (анам үйреткен, анамның арманы еді), намаз оқуды мен есейгенде де мақсат қоймап едім, бара алмайтын шығармын деп қиналдым. Бірақ жиналысқа барғанда бара алатынымды айтқанда «таң қалдым». Уақыт өзгеріпті. Қазіргі кезде жағдайың болып, ниетің дұрыс болса Меккеге барып, «Қағбаны» айналып, тілек тілеуге болады екен. Қатты қуандым, арман орындалды. Содан жол жүрдік, Алматыдан Араб елінің Джидда қаласына ұшып келіп, аман-есен Мәдина қаласының қонақүйіне орналастық. У-шу, әйтеуір таң атқанша дем алып, ерте тұрып шатырлы Мина қалашығына барып, алғашқы намазды оқыдық. Мина қалашығы Ибрахим пайғамбардың кезінде қажылық рәсімдері ең алғаш орындалған мекені болған екен. Бұл Мина жазығы қазір әлемдегі ең үлкен шатырға айналған. Осы шатыр астында үш күн құлшылық етіп, намаз оқып, 4-күні Мәдинаға жол түсті.

Мәдина шаһары Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қоныс аударған және қайтыс болғанға дейін өмір сүрген «қасиетті-мекені болған екен». Алла Елшісінің (с.ғ.с.) мұнда қоныс аударуы қалаға береке әкеліп, сол себепті «жарық қала, нұрлы қала» деген мағынада Мәдина «Мұнаууара» деп аталады.

Ұмра – мұсылмандардың киелі Мекке жерінде өтейтін кіші қажылық. Ұмра рәсімдері қажылық шарттарынан жеңіл болып саналады. Қажылық шығындарына қаражаты жеткілікті, Ұмраға баратындардың тұрмыс жағы жақсы болу керек, жасы толып, денсаулығы жақсы, жан-жақты дайын болса ғана рұқсат беріледі.

Кіші және үлкен қажылықтар – жаман әдеттерден арылып, жұмсақ мінез қалыптастыруға үлкен мүмкіншілік тудырады. Өйткені ихрам кию көптеген пендешілік әрекеттерді тоқтатуға міндетті. Тіпті өсімдікті жұлудың, иіссу жағудың да жазасы бар делінген. Дәлірек айтқанда, Алланың өмірі мен тыйым салғандарына басқа күндерге қарағанда да ерекше ұқыптылық танытқан. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген:

«Жаман сөз айтпастан және үлкен күнә жасамай қажылық жасаған адам анасынан жаңа туғандай үйіне күнәсіз оралады» деп. Қажылықтың өзінің ерекше парызы бар, ол: Ихрамға кірерде, ер адамдар үстіндегі киімдерін шешіп «Изар» және «Рида» деп аталатын екі бөлік шүберекпен орнады. Ал әйелдер басынан аяғына дейін шашын көрсетпей басын жауып, аяғын көрсетпей тігілген ұзын көйлек киеді.

Кіші және үлкен қажылықтар – жаман әдеттерден құтылып, көркем мінез қалыптастыруға үлкен мүмкіншілік болып саналады, делінген. Өйткені ихрам кию көптеген пендешілік әрекеттерді тоқтатуға міндетті. Тіпті

ҰМРАҒА ҚАЖЫЛЫҚ



киімін осында киеді. Бұл орын Меккеден 450 шақырым жерде орналасқан. Қазіргі кезде бұл аймақ «Әбяр али» деп аталады.

Ол Қағбаны және айналасындағы қасиетті жерлерді ғибадат ниетімен зиярат ету болып саналады. Қажылық адамда бауырмалдық сезімді күшейтіп, барлығымызды Алла Елшісінің (с.ғ.с.) үмметі екенімізді еске салып, жүрегімізді жібітіп, күнәларымызды кешіреді.

– Алла жолында жиһад ету.

– Қабыл болған қажылық, – деп жауап береді.

Алла Тағала былай дейді: «Қажылық пен Умраны Алла үшін толық орындандар» («Бақара» сүресі, 196-аят).

Жүректерімізді жібітіп, күнәларымыз кешіріледі.

Қажылық күндері дүниенің әр тарапынан түсі мен тілі, ұлты мен әдет-ғұрпы, ділі мен талғамы әртүрлі миллиондаған мұсылмандар бір жерге жиналып, құлшылық етеді. Мына жалғанда жалғыз емес екендігі сезіне түсесің. Олардың кейбіреуімен танысып, сұхбаттасып, түрлі тақырыптарда пікір алмасың. Жамағатпен намаз оқып, басқа да қажылық құлшылықтарын бірге жасайсың. Бұл бауырмашылдық сезімдерімізді күшейтіп, бір үммет екендігімізді еске салады.

Алла Тағала былай дейді: «Шын мәнінде, иман келтірген мүміндер туыс» («Хужурат» сүресі, 10-аят).

Қажылықтың ішінде төуәп, сағи, уақфа,

тілдемеу, дауласпау және өтірік айтпау.

7. Қажылық пен ұмра үкімдерін мұқият орындауы тиіс.

8. Барлық парыздарына, оның ішінде бес уақыт намазды жамағатпен оқуға көңіл бөлу, Құран оқу, зікір ету, дұға жасау, адамдарға қарайласу, мұқтаждарға көмек қолын созу, кедей-кепшікке садақа тарату, жақсылыққа бұйырып, теріс істерден қайтару сияқты сауапты іс-амалдарды көбейту.

9. Жолсерік ретінде ізгі, салиқалы адамды жолдас ету.

10. Сабырлық, кешірімшілдік, жайсаңдық, жұмсақтық, байсалдылық, кішіпейілділік, жомарттық, әділдік, мейірімділік, аманатшылдық, шыншылдық, ұялшақтық сияқты көркем мінезді болу.

11. Сапарға шығар алдында отбасына Аллаға бойсұнуда болуды табыстау.

12. Сүннетке сай дұғаларды, соның қатарында сапар барысында айтылатын дұғаларды қалдырмай айтып жүру.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН! ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА БАЙЛАНЫСТЫ ПІКІРІҢІЗДІ БӨЛІСЕ ОТЫРЫҢЫЗ.

Түркі әлемі қоғамдық қоры



ҚАЗҰУ – ҮЛКЕН мүмкіндіктер мекені

Тоқсан жылға жуық тарихы бар еліміздің ең алдыңғы қатарлы білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қазіргі таңда 25 мыңға жуық студент білім алуда. Бұл оқу орны қазақтың жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие. Бүгінде елдегі білім мен ғылымның ірі орталығына айналып отыр. Білім мен ғылымның ғана емес, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерін тәрбиелеп өсірген, азаматтық тұлға қалыптастыру мен шеберлік шыңдаудың да жоғарғы сатысы.

Мұнда ізденушілердің талабына сай бар жағдай жасалған. Әрине, мұны ғажайып әлем десе де болар, ең батысы – талай бала қыранның қанатын қатайтып, қияға самғатқан студенттер сарайы, тарихы тереңде жатқан ҚазҰУ-ды бір сәтке көз алдыға елестететін жеке мұражай, заман талабына сай 300 адамдық интернет орталығы бар. Қазіргі кезде университет 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғарғы оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Университетте 2000-нан астам жоғары білікті оқытушылар жұмыс істейді. Мұнда еліміздің барлық өңірінен, сондай-ақ алыс және жақын шетелден келген 15 мыңға жуық студент білім алуда.

Университет тағы мақтанар дүние ҚазҰУ қалашығы тек көрікті ғана емес, еліміздегі жалғыз әлемдік деңгейдегі шәкірттік кампус. Оның аумағында мұражай экспонаттары, Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, спорт кешені мен стадион орналасқан. Студенттік қалашық толығымен Wi-Fi жүйесіне қосылған. Ыстықкөл демалыс орны мен за-

манауи спорттық-сауықтыру лагерінің есігі демалушыларға айқара ашық. ТМД еліндегі жалғыз үлкен ауқымды Әл-Фараби кітапханасы, жаңа ғимараттар, әскери кафедра технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық пен студенттерге қызмет көрсету орталығының бәрі де білімгерлердің игілігі үшін қызмет етеді. Студенттер сарайындағы өнерлі тәлімгерлерге арналған студенттер клубының дарынды мүшелері талай байқаулардың жеңімпаздары. Соның бірі ретінде «Бақыт» би ансамблін ерекше атап өтуге болады.

Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», «Ана тілі аруы», «Жігіт султаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады. Сондай-ақ студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Бұл сыйластық пен шынайы достықтың, ғашықтардың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, оның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін құтты мекен.

Жаримбетова Р.Н.
Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы

БІЛІМ мен МӘДЕНИЕТТІ ҰШТАСТЫРҒАН ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Шетелдік студент жастарға факультет туған үйінен кейінгі екінші үйі, ал өздері оқитын топтары олар үшін үлкен және тату-тәтті отбасы болып табылады. Шетелдік студенттер әрқашан оларға сабақ барысында және сабақтан соң бүкіл оқу жылының барысындағы жаңа ортаға бейімделуге көмектесетін өздерінің оқытушылары туралы алғыс пікірлерін білдіріп отырады. Барлық кезде алған білімдерінің арқасында достық, қуаныш және жалпы өзара түсіністік лебі көрініп тұрады.

Кафедрада студенттердің әртүрлі деңгейдегі білімге деген сұраныстарын қанағаттандыру, қызығушылық танытқан таным көкжиектерін кеңейту бағытында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Әр жыл сайын кафедраның студенттері университеттің үлкен іс-шараларында өздерінің білімдерін көрсетіп, өнерлерімен қуантады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Салауатты өмір», «Green campus» жобалары табысты жүзеге асуда. Бұл жобалар жастарды азаматтық және рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге қосқан үлесі болып табылады. Осы аталған жобалар аясында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің факультеттерінде бірнеше ғылыми-танымдық, тәрбиелік маңызы бар ашық тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп отырады. Бұл жобаларды жүзеге асырудағы кафедраның мақсаты заманауи қазақстандық мәдениетті таныту, ұлттық мәдениетті, қасиетті рухани құндылықтарды студенттерге кеңінен таныстыру.

Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, сақтау, дамыту, халыққа таныту, оларды насихаттау, тарихын жете зерделеу секілді жобалар аясында түрлі іс-шараларды жүзеге асыруда университет факультеттеріндегі клубтар мен орталықтар белсенді жұмыс істейді.

Өткізілген ғылыми-танымдық шаралар студенттерді Қазақстанның тілін, тарихын және мәдениетін құрметтеуге үйретуде өз үлесін қосып отырады.

Факультетте өткізілетін іс-шара, мереке, кештерде студенттер өздерінің алған білімдерімен, өнерлерімен таныстырады. Іс-шаралар барысында өлеңдер оқылып, әндер орындалады, дәстүрлі көріністер көрсетіледі.

Студенттер танымдық-мәдени іс-шараларға қатысу арқылы осы факультетте тек қана білім алып қана қоймай, мәдени іс-шараларға да араласып, мәдени, рухани өсуге болатынына көз жеткізіп отырады.

А. Саденова., Н. Мужигова, С.А.Нусупбаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ЖАҢА БАҒЫТ, ЖАҢА БАСТАМА

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жаңа оқу жылын жаңа бағытпен бастады. Факультет деканы ф.ғ.к. Сұтай Сәбит Құрманжанұлы апта сайын тренингтер мен семинарлар ұйымдастыруды қолға алды. Атап айтар болсақ, 7-қазан күні «Педагогтің кәсіби моделі», 11-қазанда «Құндылықтар негізінде білім беру» атты семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

«Педагогтің кәсіби моделі» тренингінде Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент, Өрлеу біліктілікті арттыру институтының тренері, PISA халықаралық зерттеулер, білім мазмұнын жаңарту бағдарламаларының тренері Қоңырова Ақбота Тұрағұлқызы сабақ берудің жаңаша әдіс-тәсілдерімен қатар дәрісханада оқушыларды басқара білу

сияқты құнды мәліметтермен бөлісті. «Құндылықтар негізінде білім беру» «Білім-инновация» лицейлерімен тәжірибе алмасу семинар-тренинг өтті. Спикерлер: «Білім-инновация» ХҚҚ вице-президенті PhD докторы Төлебаев Нұрбол Насырбекұлы, «Білім-инновация» ХҚҚ қоғамдық қатынастар бөлім басшысы Роман Әділетұлы, «Білім-инновация» ХҚҚ құндылықтар бөлімінің маманы Әлішер Жүнісовтер

семинар-тренингте адам құндылығы жайлы керемет ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Факультет ұжымы осындай құнды ақпаратпен бөліскен тренерлер мен спикерлерге алғысын білдіріп, болашақта жалғасын табады деген үмітпен қоштасты.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары:
Г.Т.Тилеужанова, В.А.Габитова



ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІ НАСИХАТТАЙЫҚ

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсаты – білім алушының тек қана білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерімізді насихаттау.

Ұлттық өнер – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар – талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Алайда озық технологиямыз дамыған мына заманда қазір көпшілік, әсіресе, жастарымыз оған аса назар аударып жатқан жоқ. Жастарымыз интернеттің шырғауына түсіп, көп уақыттарын болмашы нәрселерге жұмсап жатады. Бұрынғы кезде тәрбие балаға ата-анасының үйреткен өнерімен берілетін. Ал бүгінде сол ата-анасының өздері балаларына жарты сағат уақытын әрең бөліп жүргенде, бұл өнерді кім насихаттамақ? Сондықтан да жоғары оқу орындарының қабырғаларында ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді насихаттайтын қосымша қолөнер үйірмелері көптеп ұйымдастырылса, бұл студент жастарымыздың білім ала жүріп, бос уақытын тиімді пайдалануына да өз көмегін тигізер еді деп ойлаймыз. Ұмытылып бара жатқан қолданбалы ұлттық өнерімізді қайтадан игере бастасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында құрылған «Жас шебер» қолөнер үйірмесінің басты мақсаты да осы. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ сәндік қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын көрсете білу.

Үйірме бағыты бойынша жұмыс жасай отырып, тыңдаушылар бос уақыттарын үнемді пайдалануға, адамдардың тұрмыстық сұранысын қамтамасыз ететін қолөнер бұйымдарын даярлаудың ең тиімді әдістерін меңгеруге дағдыланады. Білім алушылардың жасаған ең үздік бұйымдары университеттің мұражайларына қойылады.

Сонымен қорытар болсақ, бүгінде еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайында ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отыр. Өйткені, жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Сондықтан басқа да оқу орындарында ұлттық өнерімізді насихаттайтын осындай үйірмелер көптеп жұмыс жасаса екен деген ниеттеміз.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары
Ибрагимова М.Н., Тастемирова Г.А.**



Үшіншіден, балаға GPS сағат әперсеңіз өте дұрыс болады. Сағаттың көптеген түрі бар. Кейбіреуінде «шұғыл» батырмасы да баршылық. Оны басқанда сізге бірден хабарлама түседі. Көптеген құрылғылар арқылы баланың жанында не болып жатқанын естуге болады.

Төртіншіден, кішкене хабарламасы бар түйреуіш, білезік не кілтке тағатын алып берсеңіз болады. Ол хабарламада өзіңіз бен балаңыздың аты-жөні мен телефон нөміріңіз жазылып тұруы тиіс. Тіпті олардың

«ЕРЕКШЕ» БАЛАЛАРДЫ ЖОҒАЛУДАН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Бүгінгі күні ерекше балалардың жоғалып жатқанын байқауға болады. Қыстың қамын жаз ойла демекші, жоғалтып алып, бармақ тістеп отырғанша, жоғалтпаудың жолдарын қарастырған жөн. Аутизм дерті баланың физикалық қауіпсіздігіне алаңдатады. Егер де, сіздің балаңызда осы ерекшелік болса, балаңыздың қауіпсіздігіне көбірек көңіл бөлуіңіз керек. Осы мақалада өзгеше балалардан көз жазып қалмау амалдарын қарастырамыз.

Біріншіден, бір жерге шығар алдында балаңызды киген киімімен суретке түсіріп алыңыз. Алдынан, артынан, егер де киімінің көзге түсетін бөлігі болса, оны да ұмытпаңыз. Суреттеріңіздің сапасы жақсы екендігіне көз жеткізіп алыңыз. Осы істі күнделікті әдетіңізге айналдырыңыз.

Екіншіден, балаңызды бірден көзге түсетіндей киіндіріңіз. Ашық түсті киім алыңыз. Жарықты шағылыстыратын бөлшегі болса тіптен жақсы.

түнде жанып тұратындары да бар. Егер де балаңыз сол сияқты бұйымдарды тақпайтын болса, үтіктегенде киімге жабысып қалатын матаны да пайдалануға болады. Бұл әдіс қиын емес және қалтаңызға да жеңіл болады. Бүлдіршінге арнайы кішкентай сөмке алып беріп, әрқашан таққызып қойыңыз. Ол сөмкеде жоғарыдағыдай хатшасы бар қағаз, бөтелке су, жейтін ауыр емес тағам салыңыз.

Және де ең басты ереже, балапаныңызды көзден таса қылмаңыз. Тіпті екі минуттың өзі үлкен рөл атқарады. Өзіңізді және балаңызды жаман жағдайдың болуынан сақтай алу – зор ерлік деген ойдамын.

**Өмекбай Жанайым,
Ынтымақ ауылы,
46 орта мектептің
11-сынып оқушысы**

КИЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

Халқымызды ілім-білімге бағыттауға шексіз еңбек сіңірген Алаш арыстарының бірі, ағартушы әрі педагог Ахмет Байтұрсынов атамыз: «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан шығар» дегенді бекер айтпаған болар. Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі ең алғашқы университеттердің бірі, қарашаңырақ аталып кеткен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бәсекеге қабілетті білімді жастарды тәрбиелеп, оладың алға қарай ұмтылуына, ғылым мен білімге бейім болуына қосқан үлесі қомақты.

Қара шаңыраққа айналған ұлттық университетіміз ең бірінші болып оқу жүйесіне кредиттік технологияда білім беруді толығымен енгізгенін айрықша атап өткен жөн. Халықаралық сапаға лайық етіп мамандарды дайындауда бұл көптеген дамыған елдерде қолданылатын технологияның біздің елде, Қазақ Ұлттық университетінде толығымен енгізу мәселесі күрделі үрдіс болды. Ең басты артықшылығы кредиттік технологияға сай оқу бағдарламаларын, стандарттар мен интранет жүйесін, педагог-кадрларды жаңашылдыққа үйрету мәселелері кешенді түрде тез арада қолға алынды.

Сондай-ақ университет аумағы Wi-Fi желісімен толық қамтылған, кез келген уақытта жатақхана мен университет корпустарында, университеттің көз тартарлық, жұмысқа ыңғайлы аумағында ғаламторды емін-еркін пайдалануға жағдай жасалынған. Бұл жүйеге студенттер де, оқытушылар да тез арада үйренді.

Киелі қара шаңырақ астында ғылыми-зерттеу бағытында маңызы бар, ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда, халықаралық ғылыми институттар мен орталықтармен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасу мәселесі қарқынды дамып жатқанын ескерген жөн. Оқытушылар мен студенттер тәжірибе алмасу мақсатында шетелдерге баруға, оқуға мүмкіндіктер алды. Университет қабырғасында жаңа жүйедегі ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, бүгінгі талапқа сай жабдықталған ғылыми зертханалар жұмысы іске қосылды.

Сонымен қатар университет жастарының білім алу барысында тек отандық ғалымдарымыздың дәрістерін тыңдаумен ғана шектелмей, шетелдің беделі жоғары, танымал ғалымдарын арнайы дәріс оқытуға шақырып, жиі тәжірибе алмастыруға ден қойып отыр. Қазақ Ұлттық университеті тәжірибе алмасу, ынтымақтастықты дамыту және студенттер мен оқытушылар ұтқырлығын дамытып, екіжақты алмасып оқытуда, сонымен бірге заманауи халықаралық білім бағдарламалары бойынша әлемнің ең ірі 400-ден аса университетімен әріптестік орнатқан.

**М.Н. Ибрагимова, Ж.Т.Ибраимова, С.А.Нусупбаева,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің аға оқытушылары**

КЛУБ – КІТАП пен ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ТОҒЫСУ ОРТАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы шетелден келген қазақ диаспорасына оқытатын бірден-бір жоғары оқу орны. Аталған оқу орнында оқытушылар тыңдаушыларға тек қана білім алып қоймайды, оларды жаңа келген ортаға бейімделуіне, түрлі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Осындай мақсатта түрлі жұмыстар жүргізіледі. Соның бірі – С.Әшімбаев атындағы «Парасат» жас әдебиетшілер клубы. Клуб кафедра тарихында алғашқы клуб болуымен ерекшеленеді. 2009 жылы құрылған клубтың негізгі мақсаты – факультет тыңдаушыларын қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларымен, олардың бай шығармашылық мұраларымен таныстыру. Осы шығармалары арқылы елін, жерін сүйетін, адал қызмет ететін патриот тәрбиелеу. Сонымен қатар тыңдаушылар бойына кітап оқуға қызығушылық туғызып, кітапқа деген құрметті күшейту. Факультет ерекшелігіне сәйкес «Парасат» клубына мүшелер жыл сайын жаңа оқу жылының басында қабылданады. Әдебиетке, өнерге деген қызығушылығы жоғары тыңдаушыларды қамтыған клуб өз жұмысын жылдық жоспарды таныстырудан бастайды. Клуб мүшелеріне жыл бойы талданатын шығармалар тізімі ұсынылады. Атап айтар болсақ, алғашқы отырыс ұлы ақын Абай Құнанбайұлына, оның шығармашылығына арналады. Клуб отырыстарында тыңдаушылар тек мәлімет алып, шығарма мазмұнымен танысумен шектелмейді. Талданған шығарма аясында өзіндік пікір алмасады. Ол шығарманың, автордың негізгі ойы, идеясы, қоғамға, жеке тұлғаға тигізер әсері, т.б. ерекшелігі жан-жақты талқыланады. Отырыс соңы клубтың әрбір мүшесінің «Бүгінгі шығармадан қандай әсер алды?» деген сауалға жауап беруімен қорытындыланады.

Сондай-ақ клуб аясында дәстүрлі түрде түрлі әдеби кештер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырады. Мысалы, ақиық ақын М.Мақатаев шығармашылығына арналған жыр кештерін айтуға болады.

Қорыта келгенде, тыңдаушылардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың шығармашылық қабілетін жүзеге асыруды мақсат ететін клубтарының орны ерекше. Клуб – кітап пен шығармашылықтың тоғысу ортасы.

Ж.Т.Ибраимова, С.А.Нусупбаева, М.Н. Ибрагимова, Исаева Н.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің аға оқытушылары

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетелдік студенттерге «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел басына оқытушылар мен дүниежүзінен келіп, білім алып жүрген шетелдік студенттер жиналды.

Дөңгелек үстел жұмысында модератор міндетін атқарған оқытушы Т.В.Курманова дөңгелек үстел басына жиналған қауымға қазақ тілі жайында ой-толғамдарын жеткізе отырып, келелі ойларымен бөлісті. Ол өз баяндамасында қазақ тілінің білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ағартушы, Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтты. Сонымен қатар Қазақстан елінде түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүретінін, олардың әрқайсысының ана тілінің басқа халықтар тіліне қатысты тағдыры бар екенін, тіл арқылы адамдар бір-бірін танып-біле алатынын және кез келген халықтың рухани мәдениетімен, дәстүрлерімен, салттарымен танысу үшін де тілге жүгінетінін атап өтіп, жастарды пікірлесуге шақырды.

Дөңгелек үстелде ары қарай сөз алған оқытушы М.Азнабакиева «Қазақ тілі пәнінің» оқытылу барысы, қазіргі уақытта мемлекеттік тілді кәсіби тұрғыда меңгерудің өзектілігі жайлы сөз етіп, Ана тілімізді қадірлеу баршамызға парыз болып саналатынын жеткізді.

Дөңгелек үстел барысында шетелдік студенттер бейнетаспа арқылы Қазақстан Республикасында тұратын әртүрлі ұлттардың мәдениетімен таныса отырып, Қазақстанды жаңа қырынан таныды. Ең маңыздысы – шетелдік студенттер Қазақстанда әртүрлі ұлтты халықтар бірлікте, бейбітшілікте, тыныштықта өмір сүріп жатқандарын тамашалайды. Сонымен қатар студенттер көптеген сұрақтар қойды.

«Тіл – татулық тірегі» атты дөңгелек үстел мәдени диалог түрінде шетелдік студенттердің өздерінің белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті, сонымен қатар студенттерді Қазақстанның тілін, тарихын және мәдениетін құрметтеуге үйретуде өз үлесін қосты деп санауға болады.

А. Саденова., Н. Мужигова , С.А. Нусупбаева
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің аға оқытушылары

ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ МОДЕЛІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде «Педагогтың кәсіби моделі» тақырыбында семинар болып өтті. Жаңа оқу жылында бұл жаңа бағамда инновациялық бағыттағы игі шараларымен бірге қарқынды басталып, семинарға факультет оқытушылары қатысты. Семинарды өрлеу біліктілікті арттыру институтының тренері, PISA халықаралық зерттеулер, білім мазмұнын жаңарту бағдарламаларының тренері Қоңырбаева Ақбота Тұрағұлқызы жүргізді. Ақбота ханымда осы ҚазҰУ-нің түлегі екендігін айтты. Семинарда А.Т.Қоңырбаева білім берудегі ұстаздың шәкірттермен қарым қатынасындағы жаңа әдістемелері туралы қызықты дәріс өткізді. Заманауи үрдістердің легіне қосылу үшін, тұлғалық қасиеттердің сапасы мен болмысын анықтауда түрлі тәсілдерді көрсетіп, оның бағыттарымен таныстырды. Кейде өзіміз мән бере бермейтін педагогтың іс-әрекеттерін көрсетіп, соны дәріс кезінде дұрыс қолданып көруімізге кеңес берді. Ұстаз үшін сөйлеу мәдениетінің маңызы зор екені де белгілі. Сөйлеу техникасын дұрыс қолдану да ұстаздың басты ерекшелігі болу керектігі айтылды. Семинар өте жоғары деңгейде өтті деген ойдамыз. Бізге келіп, өзінің біліктілігімен және тәжірибесімен бөліскен Ақбота ханымға алғысымыз шексіз.

Буланова Т.М., Дауытова Ж.К., Саткенова Ж.Б.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің аға оқытушылары

ТАРИХТЫ ОҚИТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жоғары білім республикамыздың барлық салалары үшін маңызды және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады. Жас ұрпақ біздің болашағымыз, сондықтан оларға кәсіби білім берумен қатар өз мамандығын сүйеге, қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алыну керек. Осы ретте әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім және тәрбие беруде жоғары нәтижеге ие екендігін айта кетуімізге болады.

XXI ғасыр озық және жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда білім жүйесінде де осы технологияларды заман талабына сай, кеңінен қолдану сапалы білімге жетелейді. Әсіресе халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйеге өткен жоғарғы оқу орындарында білім алушыға инновациялық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын ашары сөзсіз. Ал «инновация» деген ұғымға қысқаша тоқталатын болсақ, бұл нақты қойылған мақсатқа, ойға алынған жаңа нәтиже. «Инновация» деген ұғымды кейбір авторлар «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық» деп атауға болатындығын атап көрсетеді. Демек, инновациялық технологияларды пайдалану дегеніміз тек қана жаңа әдіс ойлап табу деген сөз емес, сонымен қатар бұрын қолданып келген әдістерге жаңаша түр беру немесе сол әдіске өзгеріс енгізу болып табылады.

Шетелден келген өзге ұлт өкілдеріне тарихты дәріс түрінде ғана оқыту бұл қателік. Өйткені тарихымызға қатысты дүниелердің барлығын құр сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Сондықтан неғұрлым көрнекіліктер қолдана отырып сабақ түсіндіру бұрыннан да қолданылып келе жатқан әдістердің бірі екенін ескере кеткен жөн. Біз тек бұрын қолданып келген әдістерге жаңа түр береміз. Көрнекі құралдар қашанда педагогтың ауызша айтқан сөздерін нақтылайтын, бекітетін оқыту әдісінің тиімді түрі болып табылады. Көрнекіліктердің ішінде карта, диаграмма, кесте, таблиця, плакат немесе борды пайдалану керектігін айтпасақ та жеткілікті.

Қазіргі кезде шетел тыңдаушылары мен шетелден келген қандастарымызға Отан та-

рихын оқытудың жаңа технологияларын қолдану әдісі білім беруде де, тәрбие беруде де өте тиімді деп айтуымызға болады. Тыңдаушыларға тарихи терминдерді, деректерді, кестелерді, тірек-сызбалар мен тақырыптарға қатысты суреттерді проектор арқылы слайдтармен көрсету арқылы түсіндіру оқытушы мен тыңдаушының уақытын үнемдейтіндігі белгілі. Сонымен қатар тыңдаушыға түсіну оңайға соғады және ой-өрісінің кеңеюіне, тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Кез келген пәнді оқыту барысында тыңдаушыға тәрбие жұмысы қатар жүретіндігі бізге мәлім.

Үй тапсырмасын сұрау барысында да тыңдаушыға дәптерден қарап оқып беру немесе дәріс кезінде жазылған тақырыппен ғана шектеліп қалмай ізденіске үйрету біздің мақсатымыз. Осы орайда тыңдаушының сөйлеу қабілетін арттыру үшін үй тапсырмасын тақтаға шығып, өзін емін-еркін саралауға, бойын түзеп, өзін лектор ретінде сезінуіне мүмкіндік беру. Бұл елім, жерім деп келген қандас бауырларымыздың өз елінде еңсесін тік көтеріп жүруге тәрбиелейді. Сабақты пікірталас арқылы жүргізу де тыңдаушының өз ойын еркін саралауына мүмкіндік береді. Сабақ түсіндіру барысында компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы ойындар жүргізу, деңгейлік тапсырмалар орындату, слайдтардағы кесте және тірек-сызбаларын қолдану тыңдаушының жан-жақты болуына мүмкіндік туғызады. Осындай технологияларды сабақтарда үздіксіз пайдаланып, оны жаңа әдістермен үнемі толықтырып отыру оқытушының шеберлігі.

Қорыта келсек, тарих пәнін түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану – оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және тыңдаушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді. Сонымен қатар тыңдаушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану тыңдаушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

М.Н. Ибрагимова, С.А.Нусупбаева,
Мужигова Г.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АЗАМАТЫ

ҚР Қорғаныс министрі Руслан Қазақ халқы биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын тойлап отыр. Қазақтың біртуар азаматы, көшбасшысы, ұлы қайраткер бар өмірін қазақ халқына қызмет ету үшін арнаған. Ел қамы үшін отқа да, суға да түскен Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін, болмысын, өмір жолын жастарға насихаттау, таныстыру әділетті де жаңа Қазақстанның идеологиялық негізі болатыны сөзсіз. Жастарды өз еліне адал, ұлтжанды, талапты да қайратты етіп тәрбиелеуде Ахмет Байтұрсынұлының қызметі үлгі болып, қазақтың зерделі балаларын зор болашаққа жетелейді. Оның өмір белестері мен еңбектерін тереңінен таныту мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Бұл үрдіске әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультетінің студенттері де атсалысты. Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті А.К.Ахметбекова мен аға оқытушы, куратор-эдвайзеры А.Б.Жиекбаева факультеттің «Аударма ісі» және «Шығыстану» оқу бағдарламасы бойынша оқып жатқан 4-курс студенттерімен бірге «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы тұлға» атты тәрбие сағатын өткізіп, оның мұражайына барып қайтты. Тәрбие сағаты барысында студенттер Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын презентациямен таныстырып, оның еңбектеріне талдау жүргізді. Араб тілін оқып, аудармашы және шығыстанушы мамандығын меңгеріп жатқан студенттер араб графикасы негізінде қазақтың алғашқы әліпбиін жасаған А.Байтұрсынұлының қазақтың дыбыстық жүйесін жете білгенін және әлі күнге дейін қолданыстағы әліпбиінің өміршеңдігін атады.

Ахмет Байтұрсынұлы көп қырлы, ерекше дарын иесі еді. Оның қай салада болмасын еңбектері қазақтың ғылымын дамытуда үлкен рөл атқарды. Әдебиеттану саласын негіздеген «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиетін жаңа талаптар тұрғысында

талдауға шақырса, «Тіл құралы» қазақ тілінің ерекшелігін тани білген, таныта білген деп айта аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттанудың да, тіл білімінің де терминдер жүйесін жасап шықты. Ол ауыз әдебиетіне қатысты мұраларды да хатқа салып, жинақтап, өз бағасын беріп кеткен. Ал Абайға қатысты «Қазақтың бас ақыны» деген талдау еңбегі Абайтанудың іргесін қалады.

Шығыстану оқу бағдарламасы бойынша оқып жатқан Смағұлова Аружан «Қазақ» газетінің 1913 – 1918 жылдардағы жариялымдарына шолу жасау барысында Ахмет Байтұрсынұлының редактор тұрғысында қазақты оқу-білімге, дүниетанымын кеңейтуге, техника заманына сай болуға насихаттап қана қоймай, түрлі қайраткерлерді жұмылдыра неден бастап, не істеу қажеттігін, жолдарын көрсетуге талаптанған.

Аударма ісі оқу бағдарламасы бойынша тәлім алушы Ерсәева Нұршат пен Оразбаева Әдемі «Қырық мысал» деп аталатын ақынның аудармаларына тоқталды. Көркем аударма жасаудың ерекшеліктерін



көрсете келе, студенттер Ахмет Байтұрсынұлының аудармашылық дарынына тәнті болды.

Тәрбие сағатында осы аудармаларды оқып талдаған топ студенттері ақынның қазақ ділін, тілін тереңінен біліп, еркін аударманың жасау ұстанымдарын көрсетіп, Ахмет Байтұрсынұлының аудармада қолданған тәсілдерін зерделеді.

Студенттер Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына қатысты викториналық сұрақтарға жарыса жауап беріп, оның өмір жолы мен қызметіне арналған Айнақұл Жадыраның сөзжұмбағы аудиторияны серпілтіп тастады. Тәрбие сағатқа қатысқан Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының ұстаздары (Жұбатова Б.Н., Сейтметова Ж.Р., Жұмажанова Ф.Т.) Ахмет Байтұрсынұлының есімін дәріптеуге атсалысқан студенттердің белсенділігіне ризашылығын білдірді.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбекқорлығы, таным-білім диапазонының кеңдігі жастарға үлгі-өнеге болып, қазақ деп өткен есіл ерлердің есімін ұмытпау қажеттігі айтылды. Ахмет Байтұрсынұлы «Мәңгілік ел» идеологиясының негізін қалаушы тұлғалардың бірегейі екендігі сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия Түрксой кафедрасының доценті А.К.Ахметбекова, аға оқытушысы А.Б.Жиекбаева



АҚ ХАЛАТТЫЛАР ҚАНДАЙ ДА БІР ӨЗГЕШЕЛІК БАР ЕКЕНІН РАСТАДЫ...

Қазіргі таңда ерекше балалардың жоғалып жатқанын байқауға болады. Мен осы мәселені болдырмау шешімдерін іздеп көрдім. Оны көп біле қоймағандықтан, сол тақырыптан хабары бар аутист баланың анасынан сұхбат алдым.

– Қош келдіңіз! Сіздің балаңыздың жасы нешеде және бұл ерекшелікті қай жасында байқадыңыз?

– Қош көрдік. Менің ұлымның жасы алтыда. Бұл дерттің белгілерін мен балам төрт жасқа келгенде байқадым. Сосын арнайы мамандарға апарып көрсеттім. Ақ халаттылар қандай да бір өзгешелік, яғни аутизм бар екенін растады.

– Қазіргі шақта балалардың жоғалып жатқанына қандай пікір білдіре аласыз?

– Әрине, бұл өте өкінішті жайт. Бірақ аутист балалар жүгіруді өте қатты жақсы көреді. Өз ұлым да бір қашса

ұстаттырмайды. Және де олар суды жанынан артық көреді. Сол себепті де оларды «жаңбыр балалары» деп атайды. Сондықтан көл, өзен сияқты сулы жерлерге бармаған дұрыс.

– Сіз осы ерекше бүлдіршіннің анасы ретінде қалған ата-аналарға қандай кеңес бере аласыз?

– Қыстың қамын жаз ойла демекші, баладан көз жазып қалмау жолдарын қарастыру керек. Мен бірнеше жолын білемін, сонымен бөлісе кетейін.

Біріншіден, бір жерге шығар алдында балаңызды киген киімімен суретке түсіріп алыңыз. Алдынан, артынан, егер де киімінің көзге түсетін бөлігі болса, оны да ұмытпаңыз. Суреттеріңіздің сапасы жақсы екендігіне көз жеткізіп алыңыз. Осы істі күнделікті әдетіңізге айналдырыңыз.

Екіншіден, балаңызды бірден көзге түсетіндей киіндіріңіз. Ашық түсті киім алыңыз. Жарықты шағылыстыратын бөлшегі болса тіптен жақсы.

Үшіншіден, балаға GPS сағат әперсеңіз өте дұрыс болады. Сағаттың көптеген түрі бар. Кейбіреуінде «шұғыл» батырмасы да баршылық. Оны басқанда сізге бірден хабарлама түседі. Көптеген құрылғылар арқылы баланың жанында не болып жатқанын естуге болады.

Төртіншіден, кішкене хабарламасы бар түйреуіш не білезік алып берсеңіз болады. Ол хабарламада өзіңіз бен балаңыздың аты-жөні мен телефон нөміріңіз жазы-

лып тұруы тиіс. Тіпті олардың түнде жанып тұратындары да бар. Егер де балаңыз сол сияқты бұйымдарды тақпайтын болса, үтіктегенде киімге жабысып қалатын матаны да пайдалануға болады. Бұл әдіс қиын емес және қалтаңызға да жеңіл болады. Бүлдіршінге арнайы кішкентай сөмке алып беріп, әрқашан таққызып қойыңыз. Ол сөмкеде жоғарыдағыдай хатшасы бар қағаз, бөтелке су, жейтін ауыр емес тағам салыңыз.

Және де ең басты ереже, балапаныңызды көзден таса қылмаңыз. Тіпті екі минуттың өзі үлкен рөл атқарады.

– Өте жақсы әрі пайдалы кеңестер айттыңыз. Сұхбатыңызға көп көп рақмет. Балаңыздың жазылып, сөйлеп кетуіне шын жүректен тілектеспін.

Және де достар, өздеріңіз де қандай да бір ерекшелігі бар баланы көрсеңіз, оны саусақпен нұсқап шеттетпей, керісінше дос көріңіз. Ол да адам, оның да жаны, көңіл күйі, өз ойы бар. Егер жалғыз жүргенін көрсеңіз жақындарын тауып беруге көмектесіңіз. Мейірімділік бұл әлемді құтқарады.

**Өмекбай Жанайым.
Ынтымақ ауылы
46 орта мектептің
11-сынып оқушысы
Жетекшісі: Нұрбақыт Сахариева**

yimpas proma
marketler zinciri

CAYKUR Altinbas Classic
Harvested exclusively from the valuable uppermost tea leaves of Turkey's Eastern Black Sea Region.
Black Tea

Bebe

Cokokrem

PRINGLES

Маметова 67 А
Самал-2, д.48



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ КЛУБ ПЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ РӨЛІ

Ашылғанына биыл 88 жыл толып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің он алты факультетінің бірі жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті өз тарихын сонау 1985 жылдан бері бастайды. Алғашында тек ұлты шетел азаматтарын дайындайтын факультет ретінде құрылса, 2001 жылдан бастап шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін қабылдай бастады.

Факультетіміздің басты мақсаттарының бірі шетел азаматтарына тіл үйрету болса, қазақ диаспора өкілдерін кешенді тестке дайындау. Факультетіміз шетел азаматтарына тек білім берумен шектелмей, жаңа ортаға бейімдеп, тәрбиелейді. Біздің басқа факультеттерден ерекшелігіміз де осында. Куратор – эдвайзерлер Қазақстанға жаңадан келген шетел азаматтарымен бірге жүріп, оқуға қатысты құжаттарды реттеуден бастап, ауруханаға апару, қаламен таныстыру сияқты жұмыстарымен айналысады.

Факультетімізде оқумен қатар тәрбие жұмысы бірге ұштастыра атқарылады. Тәрбие жұмысында клубтар мен үйірмелердің алатын орны ерекше. Қазіргі уақытта алты клуб, он үш үйірме жұмыс атқаруда. Олар: С.Әшімбаев атындағы «Парасат» жас әдебиетшілер клубы, «Өлкетану», «Қазақ киносы», «Қызықты старт», «Кәсіби бағдар беру», «Жас ғалым» клубтары мен «Жас тарихшылар», «Жас талап», «Эврика», «Сөз зергері», «Жас шебер», «Шамшырақ», «Жауқазын», «Мұражайтану», «Жас биолог», «Талапкер», «Қызықты химия», «Математика және логика», «Атамұра» үйірмелері жұмыс жасауда.

Өз жұмысын 2009 жылы бастаған С.Әшімбаев атындағы «Парасат» клубы жыл сайын тыңдаушылармызды әдебиет әлемімен таныстырып, ақындарымыз бен жазушылардың еңбектерін талдап, біршама болса да қазақ әдебиетін насихаттау жұмыстарын атқарады. Жыл сайын М.Мақатаевтың «Мен өмірге жырлау үшін келгенмін» атты дәстүрлі жыр кеші өткізіліп келсе, соңғы жылдары А.Құнанбаевтың жыр кеші өз бастауын алды.

«Өлкетану» клубының мақсаты шетелдік азаматтарға Қазақстанның тарихи орындары мен көрікті жерлерін таныстыру. Қазан айынан ҚазҰУ-дың биология факультетінің және ҚазҰУ-дың мұражайымен танысса, орталық, Д.А.Қонаев, А.Байтұрсынов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, Спорт, ұлттық аспаптар мұражайларымен танысады.

«Өлкетану» үйірмесі 2011 жылы ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында шетелден келген оралман және ауған тыңдаушыларына Қазақстан мемлекеті туралы тарихи және мәдени орындарға, қала сыртындағы табиғаты көркем жерлерге алып бара отырып, оларды тек көрсетіп қоймай, терең тарихына үңілдіріп, жан-жақты мағлұмат беріп, Қазақ елін шетелдіктерге дәріптеу мақсатында құрылды. Үйірменің негізгі ұстанымы – «Қазақстанның тарихи және мәдени орындарымен терең таныстыру және толық мағлұмат беру». Үйірменің жұмыс істеу бағыты бойынша оқу жылының ағымында әртүрлі мәдени танымдық шараларды, мемлекеттік тілді, ел тарихымен терең таныстыру сабақтары, кездесулер, мәдени-танымдық саяхат сабақтар, тренингтер өткізіледі.

Қорыта келе айтарымыз, факультетте жұмыс істеп жатқан клуб, үйірмелердің шетелден келген тыңдаушыларды жаңа ортаға бейімдеуде үлкен еңбек атқаратыны сөзсіз.

С.А.Нусупбаева, Ж.Т.Ибраимова, М.Н. Ибраимова, Дауытова Ж.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ МҰРАЖАЙЛАРЫ

Еліміздің ең ірі білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарихы мен мәдениетінің, білім деңгейі мен қорының басты көрсеткіші мұражайлар екені белгілі. Бұл мұражайлар – өнегелі мамандарын тәрбиелейтін университеттің ғылыми-ақпараттық, танымдық, тәрбиелік бөлімшесі. Олардың негізгі мақсаты – халқымыздың бай тарихи-мәдени, рухани мұрасын сақтау мен насихаттау, білім мен ғылым саласында жеткен жетістіктерін дәріптеу болып табылады. ҚазҰУ қабырғасында 6 мұражай бар. Олар әр жылдары салынып, әрқайсысы жеке-жеке кешенді құрайды.

Бірінші мұражай – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мұражайы. Университет мұражайы 1989 жылдан бастап жұмыс істейді, 20 жылдан кейін оған ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жаңа мұражайдың ашылуы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылы 13-қазан айындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келу сапарымен орайластырылған болатын. Бұл мұражайда ҚазҰУ тарихы, оның іргесін қалап, өнегелі өмірін осында жұмыс істеп өткізген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін баяндаумен, бай мұрасымен ерекшеленеді.

Екінші мұражай – әл-Фараби бабамызға арналады. Мұражай Қазақ Ұлттық университетіне 1991 жылы есімі берілген Ұлы ғұлама бабамыз әл-Фарабидің рухани мұраларына арналған. Бұл музей 2013 жылдың 13-сәуірі күні университетіміздің Ғылыми

кітапханасымен бірге салтанатты түрде өз есігін барша қауымға айқара ашты.

Үшінші – биологиялық мұражай. Ол 1936 жылы биологиялық факультеттің зоология кафедрасы жанынан зоологиялық мұражай ретінде ашылып, кейін 1949 жылы факультеттің биологиялық мұражайы болып қайта құрылды.

Төртінші – Қазақстанның палеолит мұражайы. 2000 жылы ашылған. Мұражайдың топтамалық ғылыми қоры 600 мыңнан астам артефактіден тұратын палеолит және неолит дәуірлеріндегі тастан жасалған құрал-саймандардың жинағынан құралған.

Бесінші – Қазақстанның көне және ортағасырлық археологиясы мұражайы. Ол 1983 жылы ашылған. Онда қола дәуірінің, ерте темір ғасырының және орта ғасырлардың археологиялық материалдары жинақталған.

Алтыншы – Шығыс мұражайы. Ол 2014 жылдың 16-мамырында шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен университеттің серпінді жобаларды жүзеге асыру бағдарламасы аясында ашылған болатын.

ҚазҰУ мұражайлары тарихи, мәдени, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жас мамандарды дайындауда маңызды рөл атқарады.

М.Н. Ибраимова, С.А.Нусупбаева, Г.М. Мужигова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ПАЛЕОЛИТ МҰРАЖАЙЫ

Мұражай – еліміздің ең ірі білім ордасының бетпердесі, имиджі, тарихи қоры және корпоративті мәдениетінің басты көрсеткіші. ҚазҰУ-да 6 мұражай бар. Соның ішінде Орталық Азияда жалғыз болып есептелетін Қазақстанның палеолит мұражайы. Оны құрып, толық іске қосқан тарихшы, археолог, ғалым Ж.Қ.Таймағамбетов. Ол өзінің ғылыми жобасының аясында 2000 жылы ҚазҰУ-да ашқан болатын. Мұражайдың топтамалық ғылыми қоры 600 мыңнан астам артефактіден тұратын палеолит және неолит дәуірлеріндегі тастан жасалған құрал-саймандардың жинағынан құралған. Материалдар хронологиялық тізбек бойынша орналасқан. Ол адам эволюциясы, кейінгі палеолит, Мустье дәуірі, төменгі палеолит секілді 5 бөлімнен және мезолит, неолит және энеолиттен тұрады.

Мұражай спецификалық жағынан алғанда Сорбон мен Кембридж университеттерінен кейін әлемде үшінші орында, ал ТМД елдері бойынша алғашқы тас дәуірінің (палеолит) мұражайының ашылуы еді. Музейдің ашылуына жоспарлы түрде Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық экспедиция жұмыстары нәтижесінде табылған палеолит, мезолит,

неолит дәуірінен мәлімет беретін артефактілердің көптеп табылуы негіз болған.

Бұл тас құралдар Қазақстан территориясында әр жылдарда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Қазақстаннан шыққан жетекші маман археологтар Х.А.Алпысбаев, А.Г.Медоев, Ж.Қ.Таймағамбетов, Б.Ж.Әубекеров, О.А.Артюхова мен 1992 жылдан бері жиырма жылға жуық Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген біріккен, кешенді Қазақстан – Ресей (РҒА СБ археология және этнология институты) археологиялық экспедициясы жұмыстарының жемісі болып табылады.

Бұл мұражай Қазақстанда және әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті, өз елінің мәдени-тарихи құндылықтарын бойына сіңірген, рухы мықты жанашыры өнегелі мамандарын тәрбиелейтін университеттің ғылыми-ақпараттық, танымдық, тәрбиелік бөлімшесі болатынына сеніміміз мол.

М.Н. Ибраимова, С.А.Нусупбаева, Т.М.Буланова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

ДОСТАРМЕН КЕЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы шетелден келген қазақ диаспора өкілдері мен ақылы топта оқитын тыңдаушыларды кешенді тестілеуге дайындайды. Шетелден келген қандастарымызды ортамызға бейімдеу мақсатында түрлі шаралар атқарылады. Дайындық бөлімінде білім беріп қана қоймай, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар өткізіп, оларды түрлі шараларға баулимыз. Түрлі клубтар мен үйірмелер аясында өтетін шараларға қатысып, тыңдаушылар студенттік өмірге бір қадам жақындай түседі. Куратор-эдвайзерлер тыңдаушылармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Бірнеше ай бір-бірімен әбден үйренісіп, қимай қоштасатын кездер де болып жатады. Студенттік өмірге қадам басқан соң да дайындық кафедрасын ұмытпай қонаққа келіп, сағыныштарын жеткізеді. Осындай кездесулердің бірі жуырда факультетімізде «Достармен кездесу» атты кешімен жалғасып, 2021–2022 оқу жылы ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында білім алған тыңдаушылар қонаққа келіп, өздері жайлы әңгімелеп берді. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде оқыған кездеріндегі қызықты оқиғаларымен бөлісті және де

студенттік өмірде тап болған қиындықтары мен қызықты жайттарын әңгімелеп берді. Түлектеріміз дайындық бөлімінің қадірін енді түсініп жатқандарын, қазіргі таңда оқып жатқан тыңдаушыларға осы оқыған уақыттарын қадірлей білуге шақырды. Мемлекеттік гранттың және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы шетел студенттері, соның ішінде республика азаматы болып табылмайтын қазақ ұлты бар тұлғалар үшін Қазақстан жоғары оқу орындарында оқуға арналған стипендиялық бағдарлама арқылы грант иегері атану кез келген оқып, дайындалған тыңдаушының қолынан келетінін айтты. Кеште тыңдаушылар арасында қызықты ойындар ойнатылды. Тыңдаушылар әр ұлттың билерін билеп, көңіл көтеріп, бір-бірімен достықтарын шыңдай түсті. Кештің мақсаты тыңдаушылардың достығын, ұйымшылдығын нығайту болатын.

Саткенова Ж.Б., Исаева Н.Т., Ибрагимова М.Н.,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

Достық туралы афоризмдер

Доссыз қалу – бақытсыздық ең үлкені.

Даниель Дефо

Тұрақтылы болмаса, достықтың да, махаббаттың да құны жоқ.

Джозеф Аддисон

Адамның басы бөлеге ұрынған кездегі ең жақсы қамал – адал достар.

Аристотель

Бөтенге шексіз сеніп қалудан сақтан, дос деп құрмет тұтып жүрген адамыңның өзі сені сатып кетуі мүмкін.

Омар Хайям

Басқа келген бақтың тәтті дәмі достармен бөліскенде арта түседі.

Аристотель

Достарының сәтсіздіктеріне әркім көңіл айта айтып, аяныш білдіре алады. Бірақ досының жеткен жетістіктеріне қуана алатын адам кемде-кем.

Оскар Уайльд

Достық әлсізденген сайын, сыпайылық арта түседі.

Уильям Шекспир

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/>



Космическая отрасль сегодня является одной из приоритетных и наукоемких сфер человеческой деятельности. Ее формирование и эволюция в значительной мере определяет статус развитого государства на международной арене. Мировой рынок космических технологий является одним из самых быстро развивающихся сегментов высокотехнологичного рынка.

Казахстан, опираясь на свой космический потенциал и развивая его, обеспечивает новый уровень решения задач международной интеграции в космической сфере, укрепляет свои позиции в мировом сообществе. Сегодня Республика располагает интеллектуальным потенциалом, который содержит все компоненты, выступающие общечеловеческим достоянием, наукой, которая может быть плодотворно использована в интересах решения глобальных проблем (космос, экология и т.д.). Необходимо отметить, что многие исследования ученых Казахстана получили

НОВЫЕ ПРОЕКТЫ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ ПО КОСМИЧЕСКИМ ТЕХНОЛОГИЯМ

международное признание по самым современным научным направлениям в области космических технологий.

В Казахстане проведены большие проекты по созданию космической отрасли, а именно создана инфраструктура, запущены спутники связи и ДЗЗ, подготовлены и обучены специалисты, приняты нормативно-правовые акты и др. Согласно «Стратегии «Казахстан-2050» к 2030 году Казахстан должен расширить свою нишу на мировом рынке космических технологий. Идет успешная разработка конкурентоспособных космических технологий в интересах Республики с дальнейшим внедрением.

Ученые Казахского Национального Университета им. аль-Фараби проявляют научный интерес к космическим разработкам и вносят свою лепту в развитие космических технологий. С 30 сентября по 2 октября 2022 года в г. Туркестане Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби и Представительство Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане провели церемонию открытия образовательного хаба UniSat по космическим технологиям. В официальной церемонии открытия хаба в г. Туркестане приняли участие Председатель ЮНИСЕФ Артур ван Дизен, зам. председателя Аэрокосмического комитета Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан Разия Буралхиева, представители акимата г. Туркестана.

Артур ван Дизен, Председатель ЮНИСЕФ в Казахстане отметил, что для ЮНИСЕФ очень важны инновации и продвижение гендерного равенства. В

рамках партнерства между ЮНИСЕФ и Казахским Национальным Университетом имени аль-Фараби образовательная программа UniSat направлена на развитие способностей и навыков участниц по проектированию настоящих космических аппаратов, 3D-моделированию, сборке и тестированию, а также по аналитике данных. Девушки смогли освоить навыки работы в команде, основы программирования, а также послушать ведущих казахстанских экспертов в области космических технологий. Координатор проекта, генеральный директор Кластера инжиниринга и наукоемких технологий КазНУ им. аль-Фараби Темирбаев Амирхан Адилханович во время проведения мастер-классов рассказал также о научных достижениях ученых университета в области разработки

космических технологий, отметил важность таких мероприятий для молодежи, которым предстоит осваивать космические просторы в будущем. В 50 км от г. Туркестана участницы совместной образовательной программы запустили два ультрасовременных наноспутника UniSat в верхние слои атмосферы.

Уникальный совместный проект КазНУ и ЮНИСЕФ станет важным шагом в дальнейшем развитии STEM образования и примером для трансформации опыта в другие страны.

Дана Байтукаева,
амбассадор и ментор проекта UniSat,
старший преподаватель кафедры международного права факультета международных отношений КазНУ им. Аль-Фараби



ҚАЗҰУ – БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> – білім беру мен ғылымның көшбасшысы. Қай заманда болсын, адамзаттың алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі – ол саналы, білімді, мәдениетті ұрпақты тәрбиелеу. Ол – ұзақ мерзімді жоспарлау және экономикамыздың тұрақты өсуі. Сонымен қатар елдігіміз бен бірлігіміздің, ерлігіміз бен еңбегіміздің мүлтіксіз орындалып, әрбір қазақстандықтың еліне қосқан титтей де болса пайдасы болып табылады. 88 жылдық тарихы бар қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің соңғы уақытта жеткен жетістіктерін ауыз толтырып айтсақ та, ол аз болатын шығар. Қазіргі таңда біздің оқу ордамыз ТМД университеттері арасында үшінші орында, QS рейтингісі бойынша соңғы екі жылда әлемдегі үздік топ университеттер қатарында. ҚазҰУ – еліміздегі ЖОО-дар ішіндегі ең үздік университет. QS сарапшыларының кеңесімен, ҚазҰУ-дың айтулы тәжірибесін әлемнің жетекші университеттері зерттеуге кірісті. Бұл көрсеткіш университеттің білім мен ғылымның әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілігі жоғары екенін көрсетеді. Университеттің мұндай жоғары жетістікке қол жеткізуіне ҚР Президентінің халыққа Жолдауында «Қазақстанның кем дегенде екі университеті әлемдегі үздік университеттер рейтингіне енуі тиіс» деп атап айтқаны міндетті түрті болғаны анық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде кешенді құрылымдық жаңғырту жүргізіліп, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі және жетістікті рейтинг арқылы бағалау енгізілді. Әлемнің жетекші университеттері үлгісімен ҚазҰУ-да

халықаралық жоғары стандартқа сай және халықаралық тіркеуден өткен, тәжірибелік білім бағдарламалары әзірленіп, енгізілді. Олар соңғы жылдары университет қабырғасында «Идея генерациясынан оны коммерциялауға дейін» атты технологиялық дәліз құрылып, тиімді жұмыс істеп тұр. Соның ішінде экономика және бизнес жоғары мектебі еліміздің дамуына, оның ғылыми-инновациялық қызметтерінің өркендеуіне, «Еліміздің басты капиталы – білімді жастар» деп Елбасымыз айтып кеткендей, болашақ жастардың білім мен тәрбиеге бет бұруына үлкен үлесін қосып отырған жоғары мектеп. Бүгінде оқу ордасының қабырғасында студенттердің ғылыми-инновациялық тұрғыдан, білім мен тәрбиесінің дамуына баса назар аударылып отыр. «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Салауатты дене мәдениеті», «Green campus», «Al-Farabi Smart city» жобалары аясында факультеттің профессор-оқытушыларының құрамы студенттердің бойынан патриоттық сезімді ұялатуға барынша тырысып жатыр. Еліміздің басты капиталы – ол санасы мен тәрбиесі жоғары, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген қазіргі ұрпақ болса, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар қауымы мен тыңдаушылары университеттің дамуына бар күш-жігерімізді салып, алдағы уақытта еліміздің дамуы үшін аянбай еңбек етуге дайын.

ҚазҰУ-дың оқытушылары: Тойғанбекова М.Ш., Сандықбаева Ө.Д., Буланова Т.М.



«ӨЛДІ ДЕУГЕ СЫЯ МА, ОЙЛАҢДАРШЫ...»

Абай хакім: «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы» деп көкірегің қарс айырғанда, қандай күйде болғаның кім білген?! Адамның өмірге келуі қандай табиғи болады екен, өмірден өтуі де сондай заңды десек те, кісі жүрегі қимайтын асыл текті азаматтар жетерлік. Өкінішке қарай, қазақ жұртшылығы тағы бір арда азаматынан айырылды. Жетісу облысы, Сарқан ауылының әкімі Талғат Қанатұлы Қайнарбеков 53 жасында келместің кемесіне мініп кете барды.

Талғат Қанатұлы еңбек жолын 1986 жылы Сарқан ауданы Көкөзек орта мектебінің мұғалімінен бастады. 1998 жылдан 2001 жылға дейін Алматы қаласында «Эльдорадо» ЖШС менеджері болып жұмыс істеді. 2001 жылғы қазан айынан мемлекеттік атқарушы органдарында: Талдықорған қаласы әкімі аппаратының өндіріс, көлік және байланыс бөлімінің бастығы, Көксу ауданы әкімінің орынбасары, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары, Текелі қаласының әкімі қызметін абыроймен атқарды. Ал 2016 жылғы 9-қарашадан Қапшағай қаласының әкімі болып тағайындалған еді.

Талғат Қанатұлы «Түркі халықтарының мәдени қорымен» әріптестік байланыста болып, Қапшағай қаласында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырды. Түркі халықтарының рухани сабақтастығы жөнінде жобаларды атқарды. Мезгілсіз келген қазаға «Түркі халықтары мәдени қорының» президенті, «Түркі әлемі» халықаралық газетінің бас редакторы Ахмет Дағдұран мен ұжымдастары артында қалған отбасы, туған-туысы, дос-жаранына қайғыра көңіл айтады. Асыл азаматтың жаны пейіштің төрінде шалқысын!

Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі Әлемі» газеті

САНАНЫ СЕРПІЛТКЕН СЕНБІЛІК

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Монғолия, ҚХР, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Иран, Ауған Ислам Республикасы тағы басқа елдерден келген отандастар білім алуда. Шетелден келген жастарды аз уақыттың ішінде тілді меңгертіп, Қазақстан тарихынан мол мәліметтер беріп, өз отанын сүйюге, құрметтеуге, патриотты азамат болып шығуына көп үлес қосуда. Сонымен қатар қоғамға еркін араласып кетуіне бағыт-бағдар беру істерінің маңызын арттырып, осы мақсатта ауқымды іс атқарып келеді. Шетелден келген қандастар тілдік ортаға тез бейімделіп, қалаған мамандықтарын игеру үшін мұнда, дәрістен тыс атқарылатын тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралар өткізіп отыру жоспары жақсы жолға қойылған. Осының арқасында шетелден келген отандастардың да, қоғамымызға қосылған ауқымды мәдени істерге өз үлестерін қосуда. Сондай-ақ факультет, кафедра жанынан ашылған оқытушылардың клуб, үйірме жұмыстары да осы мақсатта жұмыс атқарып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің ерекшелігі, барлық шетелден келген жастарының шоғарланған жері болғандықтан, оларға Қазақстанның дамуы туралы дұрыс пікір қалыптастырып, бір үйдің баласындай бауырмал болып бейбітшілікте тұруын қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының татулығын көрсету. Қонақжай халқымыздың ұлттық руханиятын еселеуге, оны дәріптеуге жастардың рухани дамуына, адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына қалыптастыруда, шын мәнінде, мағыналы, пайдалы деп айта аламыз. Факультетімізде қазақ диаспора өкілдерімен бірге бұл жерде әлемнің түкпір-түкпірінен

келген шетелдік азаматтар осындай танымдық білім алып, қазақ тілін үйреніп, қазақтың салт-дәстүрімен танысып, тарихын, мәдениетін игеруде. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып, білім алу – кез келген жастың арманы. Оған ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының білікті ұстаздары кәсіби білім беріп, жоғары деңгейде оқуға түсуге еңбек сіңіреді. Айтпағымыз, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті тазалық денсаулық кепілі ретінде «Бүкіл қалалық сенбілікке» факультет, кафедра басшылары, оқытушылар тобымен шығып, аула тазалығына атсалысып, қызу белсенділік көрсетті. Қоршаған ортаның тазалағына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы орайда жасалып жатқан сенбіліктер, қала тынысының кеңеюіне үлесін қосады деген ойдамыз. Бұндай сенбіліктер біздің қоғамымызға керек шаралардың бірі. Өйткені ұжымдық рухты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып тұру үшін маңызы зор. Біріншіден, жастарды еңбекке баулу болса, екінші жағынан денсаулыққа пайдалы іс-шаралар. Тазалық табалдырықтан басталады демекші, бұл өздері білім алып жатқан оқу орнына, сонымен қатар өздері ауасын жұтып жүрген қаласына деген құрметті білдіреді. Тазалық жанашырлары оқу корпустарының айналасын қоқыстан тазартып, айналасының көркеюіне өз үлестерін қосты. Бұл шаралар адамдардың табиғатқа деген қарым-қатынасы мен қамқорлығын көрсетеді. Қалалық сенбілік жоғары деңгейде атқарылып өз мәресіне жетті.

ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары: Сандықбаева Ө.Д., Тойғанбекова М.Ш., Әділханова Ж.С.



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

Ақылдастар алқасы:
Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Гаухар АСҚАРОВА
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail:

Меншік иесі:
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН
Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК

PEGAS
TOURISTIK

НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА

Instagram: [pegas_asia](#)
Website: [kz.pegast.asia](#)
Phone: +7 700 022 2233
Phone: +7 727 222 1818

ROSETTA
SLEEPING SYSTEMS

АДРЕСА:
г. Алматы, ул. Маметовой 72, уг. ул. Наурызбай батыра
г. Алматы, кр. Кокмайса 26 Б/2 (Фабрика) 9
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 4 блок, Линия F, 12 ряд, 51 бутик.
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 3 блок, 10 ряд, линия D

КОНТАКТЫ:
+7 701 951 37 03
+7 701 951 37 05
+7 701 351 76 39
+7 727 333 44 10

Instagram: [ROSETTA.KZ](#)